

Уан Нин

# ҚЫТАЙ ЖАЗУЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ ТУРАЛЫ ОН ЛЕКЦИЯ

《Ұлттық қытапхананың ашық онлайн  
құрстары》 топтамасы

Лекциялар жинағы

共同的财富  
而播到全  
通接了  
而被赋予  
个。在当  
民族

个国家，  
我们是非  
有了汉字  
的典籍，  
史。我们  
长汉字，  
上汉字，  
断地延作  
是能够  
叫字》的  
是，  
代文以

# Ниң Уаң Қытай жазуы мен мәдениеті туралы он лекция

*<https://litres.ru/73993113>*

*SelfPub; 2026*

## Аннотация

«Мәдениет дегеніміз – мемлекеттің, ұлттың рухы. Мәдениет бір елді жаңғыртып, бақ-дәулетін асыру арқылы ұлтты кемелдендіреді. Қазіргі Қытайда мәдениет ұлттық бірлік пен жасампаздықтың негізі. Керемет кейіптегі мәдени өнімдер халқымыздың рухани қажеттіліктерін өтеуге, қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениетті дамытуға, қуатты социалистік мәдениетті мемлекет кұруға, әлеуметтік және мәдени сұраныстарды ұтымды көтеруге, қоғамға қажет мәдениетке жетекшілік етуге, кітапханалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сон-дай-ақ кітапхананы «Си Цзиньпин идеясын үйретуге арналған мобильді қосымшамен» үйлестіретін өмір бойы білім беру платформасына айналдыруға және соның нәтижесінде сұранысқа сай қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу кеңістігін кұруға қатысты шешімдер қабыл-дауға түрткі болды.

# Содержание

«ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫ»	4
1-лекция. ӨРКЕНИЕТ ТАҢЫ. ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ	16
2-лекция. ӘЛЕМДЕ ҚАЗІРГЕ ДЕЙІН САҚТАЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ИДЕОГРАММАЛЫҚ ИЕРОГЛИФТЕР. ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ	72
Конец ознакомительного фрагмента.	119

# Ниң Уаң Қытай жазуы мен мәдениеті туралы он лекция

## «ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫ»

1<sup>1</sup>  
ТОПТАМАСЫНА АЛҒЫ СӨЗ  
Ұлттық кітапхана директоры Хан Юнджин

«Мәдениет дегеніміз – мемлекеттің, ұлттың рухы. Мәдениет бір елді жаңғыртып, бақ-дәулетін асыру арқылы ұлты кемелдендіреді. Қазіргі Қытайда мәдениет ұлттық бірлік пен жасампаздықтың негізі. Керемет кейіптегі мәдени өнімдер халқымыздың рухани қажеттіліктерін өтеуге, қытайлық ерекшелігі бар социалистік мәдениетті дамытуға, қуатты социалистік мәдениетті мемлекет құруға, әлеуметтік

---

<sup>1</sup> «Ұлттық кітапхана ашық онлайн курстары» «Қытай жазуы және мәдениеті туралы он лекция» 1 Бірінші лекция 2015 жылғы 14 сәуірден бастап жазылып, 23 сәуірде ресми айналымға енді.

және мәдени сұраныстарды ұтымды көтеруге, қоғамға қажет мәдениетке жетекшілік етуге, кітапханалардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға, сондай-ақ кітапхананы «Си Цзиньпин идеясын үйретуге арналған мобильді қосымшамен» үйлестіретін өмір бойы білім беру платформасына айналдыруға және соның нәтижесінде сұранысқа сай қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу кеңістігін құруға қатысты шешімдер қабылдауға түрткі болды.

2014 жылы сол кездегі ҚКП Орталық Комитет үгітнасихат министрінің орынбасары Хуан Куньмин жолдас кітапханамызға қызметтік іссапармен келгенде, Ұлттық кітапхананы интернет дәуіріндегі көпшілік кітап оқитын үлкен кеңістікке бейімдеу керегін, «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курстарын» ұйымдастыру арқылы мемлекеттік интернет-оқу платформасын жүзеге асыру идеясын айтты. Бұл Ұлттық кітапхананың өтпелі кезеңдегі уақыт сынымен бетпе-бет келген даму бағдарламасына сәйкес келеді. Осы мақсатта Ұлттық кітапхана дайындалған құжат топтамалары негізінде мәдени-ағарту дәрістерін өткізудің нақты тәжірибесін жүйелі түрде қорытындылады. Кең ауқымды «Ашық онлайн курстар» тұжырымдамасын негізге алып, 2015 жылы 23 сәуірде «Дүниежүзілік кітап күні көрмесі» өтті. Сонымен қатар «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» жүзеге асырылды және интернет дәуірінде жоғары сапалы онлайн білім беру, оқу платформасын қалыптастыруға, сол арқылы көпшілікке кітап оқуды белсенді насихаттауға, білім алушы-

ға ашық қоғам қалыптастыруға ұмтылды.

«Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курстары» Қытайдың дәстүрлі мәдениетіне мұрагерлік етіп, оны әріқарай жалғастыруға, социалистік негізгі құндылықтарды қалыптастыруға, ұлттық стратегияларға қызмет етуге, өмір сүру сапасын арттыруға бар күшін салып, оны басты бағыт етіп, оқырмандарды рухани ізденіс жасауға шабыттандырады. Осы тақырыпты насихаттау арқылы көпшілікті ынталандырып, қоғамның құндылық бағдары мен эстетикалық талғамын насихаттауға талпыныс жасалды.

«Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсының» лекция мазмұны: оқыту, жоспарлау, түсіндіру, коммуникация сияқты төрт құрылым негізінде тереңдетіп оқытылатын пәндерді егжей-тегжейлі толық қабылдау және әртараптандырылған нысаны бар ұлттық жүйедегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жасау. Оның мазмұны – Қытайдың дәстүрлі тарихи мәдениетінің басты тақырыптары мен негізгі білімдерін қамту.

«Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсының» сипаты кітапхана архивінде жатқан құжаттар жинағына негізделіп, әртүрлі салаларда маңызы бар білікті оқытушыларды, сарапшыларды лектор ретінде шақырып, лекция оқыту арқылы Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің идеялық құндылығы мен тарихи даналығын талдап, зерттеп, осы саладағы білім мен ақпаратты жүйелі түрде халыққа жеткізу, қазіргі өркениетті қоғамның мәдениетке деген құрметі мен қадірін арттыру.

«Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» ашықтық, еркіндік, әртүрлілік және интеграция ұғымдарын ұстанып, онлайн және офлайн техникалық құралдарды біріктіру арқылы Қытайдың арғы заман жазба деректері мен құжаттарын жалпыға түсінікті формада жаңа дәуірге бейімдеуге ұмтылады.

Екі жылдан астам мұқият өңдеуден өткеннен кейін «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» әуелде салыстырмалы түрде толық жоғары сапалы курс жүйесін қалыптастырды. Мазмұны жағынан классикалық оқу, тарихи мәдениет, Жапонияға қарсы соғыстың тарихи фактілері, материалдық емес мәдени мұраны қорғау, музыка тыңдау, балалардың білім алуы, бос уақытты мағыналы өткізу сияқты көптеген кәсіби салаларда 1000-нан астам жоғары сапалы лекция оқылды.

Арнайы курстардың тікелей түсіріліміне 15 миллион адам қатысты: олардың 8,3 миллионы онлайн оқырман және 1,2 миллионы радиотыңдарман. Атап айтқанда, Дәстүрлі мәдениет мұрасы, «Бір белдеу – бір жол» жобасы және Жапонияға қарсы соғыс пен Дүниежүзілік антифашистік соғыс жеңісінің 70 жылдығын атап өту, Қытай жазуы мен мәдениеті, Жібек жолындағы жібектер, Аспан мен жер үйлесімі және Дао ілімі – Гуцинь мәдени рухы, Жапонияға қарсы соғыс және Жапонияны соғыстан кейін жазалау, Кун операсы, Қытайдың ұлы өнертабыстары сияқты тамаша лекциялар қоғамның барлық топтары тарапынан жоғары бағаға ие

болды. Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің үгіт-насихат бөлімі, Мәдениет министрлігі «Ұлттық кітапхананың ашық сабақтарына» үлкен мән беріп, оны жоғары бағалап, аудиторияны үздіксіз кеңейтуге, дәріс сапасын үнемі арттырып, әдістәсілдерді жаңартуға құлшынады. Сонымен қатар Қытайдың дәстүрлі мәдениетін мұра етіп, оны алға жылжытатын, негізгі социалистік құндылықтарды дамытатын, оқырмандар мен аудиторияға ағартушылық пен білім алуға мүмкіндік беретін тамаша платформаға айналдыруды Ұлттық кітапханаға тапсырды.

Болашақта «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курстары» Қытайдың дәстүрлі мәдениетінің негізгі мазмұнына тоқталып, ұлттық жалпы білім беруді ілгерілетіп, баршаға кітап оқуды насихаттап, білімді ұлы мемлекет құруға қызмет етеді. Біз оқу жоспарын құрып, платформаны жаңарту және оңтайландыру, байланыс арнасын кеңейту арқылы жаңа серпілістерге және жаңа жетістіктерге ұмтыла отырып, кітапхана қорындағы коллекциялық ресурстарды тауып, шығармашылық инновацияларды енгізуді жалғастырамыз. Әсіресе «дүниежүзілік компьютерлік желі» аясында іздеу жүйелері сияқты сервистік терминалдармен жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі зерттеп, дәстүрлі және жаңа медиа платформаларын өзара кеңейтіп, ортақ білім алатын оқу қоғамдастығын құрамыз. «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курстарын» ел ішіне және шетелге тарату мен ілгерілетуді кеңейтеміз және бренд қалыптастырып, үш өлшемді

жүзеге асырамыз.

Бұл жолы біз «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсының» сапалы түсірілімдерін бірінен соң бірін жинақтап жарияладық. «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» неғұрлым бай және сапалы мазмұнмен халыққа көбірек таныстыруды мақсат еттік. Атап айтқанда, кітапқа QR-код түріндегі білім қауымдастығы қосылды. Оқырмандар оқу кезінде QR-код арқылы ашық сабақтың бейнежазбаларын көріп, олармен байланысты анықтамалық материалдарды да алады. Осылайша біз курстың танымалдылығын, көркемдігі мен шығармашылығын, адамдардың қызығушылығын біріктіріп, оқырмандарға мәдени элементтер мен көркемдік талғамға толы қиял кеңістігіндегі біліктілігі жоғары курсты ұсына алдық деп ойлаймыз.

«Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» сериясын шығару жобасы «Өмір. Кітап оқу. «Жаңа білім» – «Санъ-лянь» кітап дүкені тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Ол «Оқырмандарға шын жүректен қызмет ету» ұраны мен «Гуманистік рух, ақыл-парасат» рухын ұстанады. Бұл кітаптар сериясының рухани ізденісі мен мәдени сипатына сай. Ұлттық кітапхана мен «Өмір. Кітап оқу. Жаңа білім» – «Санъ-лянь» кітап дүкенінің дәстүрлі мәдениеттің мұрагері мен дамуының терең жинақталуы оқырмандарға жоғары сапалы рухани өнімдерді бірлесіп ұсынуға көмектесетіні сөзсіз.

Бейжің, 2017 жыл

# «ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНАНЫҢ АШЫҚ ОНЛАЙН КУРСТАРЫНА»1 КІРІСПЕ СӨЗ

## ҰЛТТЫҚ КІТАПХАНА ДИРЕКТОРЫ ХАН ЮН-ДЖИН

**Сәлеметсіз бе, құрметті оқырман, қымбатты көрермен!**

Мен Қытай мемлекеттік Ұлттық кітапхана директоры Хан Юнджинмін. Ұлттық кітапхананың «Ашық онлайн курсына» қош келдіңіздер!

Кітапханада ежелден қоғамдағы білікті, беделді тұлғаларды лекция оқуға шақыру дәстүрі бар. Учан Вэньхуа кітапханасы – осы замандағы Қытайда ашылған ең алғашқы әлеуметтік кітапхана. 1920 жылы кітапхана әртүрлі баяндамалар мен дәрістер өткізу үшін Ситу мемориалды залын ашты. Оқырман үшін лекция ықшамдалған, өте көрнекі, интуитивті форма. Лекция – белгілі бір тақырыпты ауызша мазмұндап түсіндіру, оқырман алдында баяндама жасау, арнайы тақырыпқа сілтеме беру. Бір лекция – бір адамның өмірлік ізденістерінің нәтижесі әрі өмірінің мәні. Сондықтан да бұл лекциялар оқырмандар арасында өте танымал.

Қазір бұл лекция еліміздегі барлық деңгейдегі кітапханаларда жиі жүргізілетін әлеуметтік білім беру ішараларының біріне айналды. Ол ұлттық сапаны арттыруда, ғылым мен

білімді насихаттауда, Қытай мәдениетін таратуда белсенді рөл атқарады. Барлық деңгейдегі кітапханалар әлеуметтік мәні бар көптеген таңдаулы лекцияларды мұқият жоспарлап, әзірледі. Мысалы, Ұлттық кітапхананың «Дарындылар форумы», «Ұлттық кітапхана форумы», Хубэй провинциясы кітапханасының «Янцзы форумы», Шэньчжэн кітапханасының «Оңтүстік оқу бөлмесіндегі кешкі әңгіме», Гуанчжоу кітапханасының «Янчэн академиясы», Далянь кітапханасының «Байюнь академиясы», т.б. Бұл айтулы ісшаралар барған сайын қала өміріндегі бірегей мәдени символ ретінде жұртшылық кітап оқуды аңсайтын орынға айналды.

Қазіргі уақытта интернеттің тез таралуынан бастау алған жаһандық ақпараттандыру толқыны баршаға қолжетімді болды. Тәуелсіз және өмір бойы білім алу барған сайын жаңа дәуірдің сәніне және көптеген адамдардың ішкі рухани ізденісіне айналды. Интернетке негізделген жаңа да интерактивті оқыту мен білім беру моделі – «МООС» пайда болды. «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсы» – Ұлттық кітапхананың «МООС» концепциясына сүйену арқылы лекция оқу қызметтерінің трансформациясы мен дамуына жәрдемдесу үшін «Интернет+(интернеттің ұтқырлығы мен кең таралуы, дәстүрлі салалармен интеграциясы)» техникалық құралдарын пайдалану мақсатында қолға алған инновациялық шара жүзеге асты.

Біз жаңа технологиялық құралдар кітапхананың лекциялық қызметіне жаңа серпін береді деп үміттенеміз. Пайда-

ланушылар үшін ортақ ресурстар арқылы жанды және мазмұны бай интернет-оқыту платформасын жасау сарапшылар мен білім алушылар арасындағы қарымқатынас пен өзара әрекеттесуді оңтайландырып, жылдамдатады. Осылайша әрбір ынталы оқырман мен білікті ғалым «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсына» қатысу арқылы ілгерілеп, өзін жетілдіре алады.

Біз «Ұлттық кітапхананың ашық онлайн курсының» бірінші тақырыбы ретінде Қытай өркениетінің өзіндік мәдени мәні мен маңызды символы болған «Қытай жазуын» таңдадық. Жазу – адамзат өркениетінің маңызды нышаны екені баршамызға белгілі. Жазу арқылы ғана өркениетті жазып ұрпаққа қалдыруға, жалғастыруға, дамытуға болады. Дүниежүзіндегі төрт ірі өркениеттің ішінде дамуы үзілмей жалғасқан жалғыз мемлекет – Қытай. Оның маңызды себептерінің бірі – әлі күнге дейін кеңінен қолданылып келе жатқан жалғыз идеографиялық жазу жүйесі – қытай таңбалары. Қытай иероглифтерінің арқасында бізде көлемді тарихи материалдар мен классика бар, соның нәтижесінде ұлт мәдениеті жалғасын тауып отыр. Қытай иероглифі – әлемдегі ең ауыр жазу, ол Қытай өркениетімен тығыз байланысты. Ол – Қытай мәдениетінің ең негізгі элементі және Қытай ұлты дамуының ең көне гені. Иероглиф – бес мың жылдық тарихтың қайнар көзінен шыққан Қытай халқының бірлігі мен ынтымағын әйгілейтін жазу.

Бейжің педагогикалық университеті Өнер мектебінің про-

фессоры Ван Нинді алғашқы лектор ретінде шақыру – біз үшін үлкен мәртебе. Ван Нин профессор – еліміздегі белгілі филолог әрі классикалық мәтіндерге түсініктеме беруші маман. Ол – «Классикалық мәтіндерге түсініктеме беру принциптері», «Классикалық мәтіндерге түсініктеме беру интерпретациясы және қытай иероглифтерін зерттеу», «Қытай иероглифтерінің конфигурациясына кіріспе» және басқа да көптеген еңбектердің авторы. Ол – еліміздегі иероглифтерді стандарттау мен таңбалауға үлес қосқан ғалым. Ван Нин профессор кітап жады болған жай ғана ғалым емес, оның қытай иероглифтерін оқыту туралы ойлары көпшілікке мәдени практика ретінде көбірек бағытталған.

Ван Нин профессор біз үшін мұқият дайындаған бұл лекция қытай жазуын ғылыми тұрғыдан түсінуге негізделген. Иероглифтердің формасы мен жазылуын оңтайландырып, заманға бейімдеп, жаһанға таралуына үздіксіз ықпал етіп, қытай дәстүрлі мәдениетін насихаттайды.

Енді Ван Нин профессормен бірге «Қытай жазуы және мәдениеті» курсына ат салысайық!

## **АШЫЛУ СӨЗІ**

Құрметті жерлестер, достар! Мен Ұлттық кітапхана ұйымдастырған ашық онлайн курстары бойынша бірінші дәрісті өткізгелі отырғанымға өте қуаныштымын. Бұл жолғы тақырып «Қытай жазуы мен мәдениетіне» арналады.

Қытай жазуы – Қытайда және әлемде қызу талқыға түскен, шығыс өркениетінің ең тартымды нышандарының бірі. Қазіргі кезде дүниенің түкпір-түкпірінен Қытайға келген жолаушылар, ең әуелі, әуежайға келіп қонып, ұшақтан түсе салған кезде иероглифпен жазылған «Қытай» деген екі үлкен жазуды көреді.

Қытайда иероглифтер әлдеқашан ел көлемінде толық таралғандықтан, ол ел азаматтарына күнделікті қарапайым жазу болып көрінуі мүмкін, бірақ иероглифтің өзіндік ерекшеліктері бар. Ол қытай халқының тарихын жазып, көпсалалы қытай мәдениетін сақтап қалды. Мемлекетімізде жазу біртұтас иероглиф болғандықтан, ол диалектілік айырмашылықтарды жойып, жазба тілдің қарым-қатынас міндетін атқарды. Ал бұл қытай халқының бірлігін айтарлықтай арттырады. Иероглифтің арқасында Чжуан стиліндегі мөр ою, каллиграфия сияқты әлемдік деңгейдегі өнерлер жарыққа шықты. Қазіргі заманда иероглиф заманауи ақпаратты өңдеу мәселелерін әртүрлі тәсілдермен шешті: компьютерге де енді, жоғары технологиялық қиындықтармен бетпе-бет келді, соның нәтижесінде Қытай ақпараты Шығыс өркениетінің әлемге кедергісіз таралуына мүмкіндік берді. Иероглиф – қытай мәдениетінің қазынасы және бүкіл әлем халқының ортақ байлығы. Сондықтан «Қытай жазуы мен мәдениеті» – кімге болса да қызық тақырып деп ойлаймын. Мен бұл жобаны он лекцияға бөлдім. Осы он дәрісте сіздерге иероглифтің дамуы, эволюциясы, сипаты, ерекшеліктері,

таңбалардың құрылымы, сызықтары туралы айтамын. Осы арқылы иероглифтерді неғұрлым ұтымды түсініп, сонымен бірге иероглифке қатысты кейбір практикалық мәселелерді талқылаймыз. Иероглифті саналы түрде дамыта отырып, ол туралы адамдардың ойындағы кейбір түсінбеушіліктерді шеше алатынымызға сенемін.

Ата-аналар мен мұғалімдер балаларға иероглиф үйрету мәселесіне қызығушылық танытуы мүмкін, мұны да біз осы он лекцияда талқылаймыз.

Он лекцияның уақыты шектеулі. Көбірек білгіңіз келсе, Ұлттық кітапханада оқитын кітаптар жетерлік. Әр лекциядан кейін сұрақ қоюға және қойылған сұраққа жауап беруге мүмкіндік беремін. Сіздерді қызықтырған барлық сұрақтарға барынша жауап беруге бар күшімді саламын. Бұл иероглиф тарихы ма, болмысы ма, үйрену туралы ма, бәріміз бірге талқылаймыз.

Бүгіннен бастап бізде мазмұнды он кездесу болады.

# 1-лекция. ӨРКЕНИЕТ ТАҢЫ. ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ

Жазу пайда болған кезден бастап адамзат өркениет дәуірі басталған. Жазу тағылықтан азаматтық қоғамға баратын жолдың тоғысында дүниеге келген. Қытай жазуы – Қытай мәдениетінің бастауы. Бірінші лекцияда біз ең алдымен жазудың шығу тегі, яғни қашан пайда болғаны туралы талқылаймыз; тақырыбы – «Өркениет таңы».

Бүгінгі күні біз көріп жүрген «жазу» деп атауға болатын ең ертедегі таңбалар – Инь қирандыларынан қазып алынған цзягувэнь жазулары. Цзягувэнь жазуларының көпшілігі Аньян, Хэнань қаласынан қазылып алынған, ал кейбіреулері басқа жерлерден табылған. Цзягувэнь жазбаларында жазылған жазуларға қарағанда Шан әулеті заманында жазылып, 3400 жылдан астам тарихы бар.

Табылған 4000-нан астам күрделі цзягувэнь жазуларының ішінен біз 1000-ға жуық таңбаны тани алдық. Саны мен құрылымына қарағанда, цзягувэнь жазулары бастапқыда пайда болған ең ертедегі қытай жазуы болуы керек. Алайда цзягувэнь жазуларына дейін біз жазу ретінде расталатын жазбаша басқа белгілерді көрмедік. Цзягувэнь жазулары са-

лыстырмалы түрде жетілген жазу болғандықтан, қытай жазуының қай кезде пайда болғанын анықтауға септігін тигізеді деген ойдамыз.

Кейде бұл тіпті жұмбақ мәселе сияқты көрінеді. Себебі біз жазудың арқасында жазбаша тарих жаздық, егер жазу болмаса, жазба тарих жазылмас еді. Яғни бұл тарихи кезенді біз тарих басталғанға дейінгі дәуір деп атаймыз. Тарих басталғанға дейінгі бұрынғы дәуірде қытай жазуы болмаған, сондықтан жазудың қашан пайда болғанын растау қиын.

Сонымен бұл мәселені қалай шешеміз? Жазу пайда болған кезді қалай елестетуге болады? Біз мұны тек тиісті ақпарат жинай отырып, ғылыми әдістерді пайдаланып, зерттеулерге сүйеніп болжам жасаймыз. Сондықтан да жазудың шығу тегі – антропология, тарих, филология, археология ғылымдарының тоғысқан жері. Бұл – тереңдете зерттеуді қажет ететін тақырып. Көптеген сарапшылар археологиялық қазба жұмысына, отандық және шетелдік көне жазулардың даму тарихына, байырғы жазылған тарихи кітаптарға, кейбір аңыздар мен иероглифтердің даму заңдылықтарына сілтеме жасай отырып, жазудың шығу тегі туралы сұраққа нақты жауап іздеп келеді. Жалпы иероглифтердің қалай пайда болғанын және олар пайда болған кезде қандай күйде болғанын, қашан пайда болғанын шамалап болжайды.


Қытай жазуының шығу тегі туралы төрт негізгі болжам бар.

Біріншіден, дүниедегі жазудың шығуы мен даму заңды-

лықтарына сүйене отырып қорытынды жасау керек. Қытай – әлемдегі көне өркениет, ал қытай иероглифі әлемдегі ежелгі бес көне жазудың бірі. Оның дүниедегі басқа көне жазулар сияқты пайда болуы мен дамуында ортақ сипаты бар. Қытай жазуының шығу тегін анықтау үшін біз басқа ежелгі жазулардың жасалу заңдылықтарына да сүйенуіміз керек.

Ең алдымен, біз адамзаттың бұл әлемде өте ертеде, шамамен 50 миллион жыл бұрын пайда болғанын көрсетуіміз керек. Тіл – тек қана адам баласына тән қасиет, сондықтан да тіл өте ертеде пайда болған. Тіл мен жазудың пайда болуын салыстырғанда, тіл жазудан мыңдаған жылдар бұрын пайда болған. Жалпы логикаға сүйенсек, жазу қашанда тағылықтан өркениетке бетбұрыс кезінде туындаған. Біз осы тұжырымға күмәнданбауымыз керек деп ойлаймын. Дүниежүзіндегі көне өркениеттердің бір ерекшелігі олардың барлығы үлкен өзен-көлдердің аңғарында пайда болған. Адамдар аман қалу үшін су бар жерлерде өмір сүрген. Ежелгі мәдениеттерді зерттейтін сарапшылар балық аулап, оны өсіруді ең ертедегі мәдениет деп санайды. Неліктен? Себебі адамдар, жануарлар және өсімдіктер бір-біріне тәуелді; олар бір күнде судан айырыла алмайды.

Қытай өркениеті ең әуелі Хуанхэ өзені, содан кейін Янцзы өзені алқабында дүниеге келген. Бәрімізге белгілі, Хуанхэ өзені – Қытай өркениетінің бесігі. Иероглиф – Қытай өркениетінің дамуымен бірге дербес пайда болған төл жазу.



Жазудың мұндай түрін біз өз бетінше дамыған жазу деп атаймыз. Әлемде өз бетімен дамыған бес ежелгі жазу бар екенін білеміз. Олар:

Көне жазулар	Мемлекет	Өзен аңғарлары	Пайда болған уақыты
Шумер сына жазуы	Көне Вавилон	Евфрат пен Тигр өзені	Б.з.д. 3200 жыл
Иератикалық жазу	Египет	Ніл өзені аңғары	Б.з.д. 3000 жыл
Крит сызықтық жазуы А	Грекия	Крит өзені	Б.з.д. 3000 жыл
Крит сызықтық жазуы В	Грекия	Крит өзені	Б.з.д. 1650 жыл
Қытай жазуы	Қытай	Хуанхэ, Янцзы	Б.з.д. 4000 жыл

Осы кестеден біз өз бетінше дамыған жазулардың барлығы ежелгі өркениеттерде пайда болғанын және олардың барлығы үлкен өзен аңғарларында немесе суға бай жерлерде пайда болғанын көреміз.

Бірінші Вавилон – мұнда біз ежелгі Вавилон туралы айтып отырмыз; Киелі кітаптағы Вавилон – Жаңа Вавилон. Азияның батысындағы Армян үстіртінде Евфрат пен Тигр деген өзендері бар, олар Вавилонда орналасқан, тарихта Месопотамия деген атпен белгілі. Біздің дәуірімізге дейінгі 3200 жылдар шамасында өркениеті мен жазуы болды, бұл – әйгілі шумер сына жазуы.

Өз бетінше дамыған жазудың екінші түрі – баршаға таныс Египеттегі әйгілі Ніл өзені аңғарында пайда болған жазу. Біздің дәуірімізге дейінгі 3000 жылдар шамасында алғашқы билеуші әулет кезінде Египетте қасиетті жазбалар болған. Оның құлпытас жазуы, иератикалық жазу және жалпыхалықтық жазу деген үш нұсқасы болған. Құлпытас жазуы стилі бастапқыда жекелеген оқиғаларға талғаммен жазылып, кейін жалпыға танымал болған, ол пирамидалар мен храмдардың тас қабырғаларына қашалған немесе тас құралдар мен қыш ыдыстарға өрнек ретінде салынғандықтан, салтанатты ресми стильге айналған. Бұл сонымен қатар үш түрлі нұсқаның жалпы атауы есептелетін Египет иероглифі. Қаріп белгісі суретке ұқсайды, бірақ пиктографиялық функциясы жоқ.

Иератикалық жазу – діни жазу, негізінен діни жазбаларды жазу үшін қолданылады. Жалпыхалықтық жазу – эпистолярлық жазу немесе құлпытас жазу стильдерінің жеңілдетілген түрі.



Шумер сына жазуы




Египет иероглифи




Крит (Греция) сызықтық жазуы А



Крит (Греция) сызықтық жазуы Б



Тасмания губернаторының жергілікті тұрғындарға кескіндеме арқылы Бейбіт келісімге келуі, егер келісе алмаса, салдарын көрсеткен суретті хаты.



Солтүстік Америка үндістерінің кескіндеме мәтіндерінде дерексіз ұғымдарды білдіру үшін қолданылатын символдық бейнелер: 1 - өмір (аңызға айналған мүйізді жылан); 2 - өлім (басын төмен түсірген жануарлар немесе адамдар); 3 - бақыт, сәттілік (тасбақа); 4 - ептілік (а екі қолдың орнына екі қанаты бар адам); 5 - соғыс (жебелері бар садақ); 6 - бейбітшілік (қауырсыны бар бейбіт түтік); 7 - бейбітшілік (адам бейбітшілік шылымын шегеді); 8 - достық (қолдар біріктірілген); 9 - сүй-

іспеншілік (бір-бірімен байланысқан жүректер); 10 - назар аударыңыз, тыңдаңыз (екі құлағыңызда толқынды сызықтары бар бас); 11 - қауіп (екі жылан); 12 - қорғаңыз (ит); 13 - дұға етіңіз (қолыңызды көкке көтеріңіз) және құдайлар).

Грекияның Крит аралында шағын және қысқа өзендер көп. Осы Грек өркениетінде Криттен шыққан екі түрлі өз бетінше дамыған жазу болды: Оның бірі – А, яғни біздің эрамызға дейін 3000 жыл жасаған крит сызықтық жазуы, жазудың бұл түрінің әлі күнге дейін құпиясы ашылған жоқ. Екіншісі – В, шамамен б.з.д. 1650 жылдар пайда болған крит сызықтық жазуы. Бұл жазудың құпиясы ашылды. Ежелгі грек сарайында жүйеленбеген кейбір пиктограммалық жазулар әлі күнге дейін бар.

Біздің қытай жазуы осы ежелгі өз бетінше дамыған жазулардың қатарына кіреді. Иероглифтер Хуанхэ өзені мен Янцзы өзені аңғарында пайда болған. Қазір оның жасалған уақыты біздің дәуірімізге дейінгі 4000–3500 жылдар шамасында, жоғарыда аталған ежелгі жазулармен бірдей тарихи кезең деп есептеледі.

Қытай жазуы пайда болғанда қандай күйде болды? Оны кейбір батыс жазуларымен де салыстыруға болады. Солтүстік Америка мен Австралияда жазу пайда болудан бұрын, жазудың орнына, яғни кескіндеме өнерінің интуитивтік қасиеті мен бейнесін пайдаланған. Толық мағынаны жеткізу үшін сызбаны неғұрлым егжей-тегжейлі сызып

берсе, екінші тарапқа берілген ақпарат соғұрлым көп және дәлірек жеткен. Сөйтіп, хабарламаны жіберуші мен қабылдаушы арасында жақсы байланыс орнатқан. Төменгі жақтағы сурет – Австралияның Тасмания губернаторының жергілікті тұрғындарға жазған хаты. Алғашқы екі картина татуласуға деген үмітті білдіреді, ал соңғы екі картина татуласуға қол жеткізе алмаса, салдары жаман деген мағынаны білдіреді<sup>2</sup>.

Төменгі сурет – мәтіндік суреттен бір суретке біртіндеп ауысқан кез. Бұл жерде жеке кескіндерді біріктіріп пайдалануға болады. Кейін осы кескіндемелер біртіндеп дамып, ертедегі пиктограммалы жазуларға айналды. Ең маңызды өзгеріс – тікелей тілдің символы болып, түсінікті әрі оқылатын дәрежеге жетті. Сонымен қатар оның жалпы көрнекілігін талдағаннан кейін, бір формадағы сөз болды. Бұл – солтүстік америкалық үндістер абстрактілі ұғымдарды білдіру үшін қолданатын символдық сурет. Ол болмысты жазуды қойып, суретке сәйкес келмеген ұғымды түсіндіретін мағынасы бар, дыбысы жоқ үнсіз тілге айналды. Осылайша оны ертедегі пиктографиялық жазуға көшу формасы ретінде қарастыруға болады.

Алайда қытай иероглифтерінің пайда болу кезеңінде табылған мәдени жәдігерлерде мұндай сөздік кескіндемелер кездеспеді, тек мағынасы көрсетілетін жекелеген суреттер

---


<sup>2</sup> Келесі екі материал Б.А. Easterlin paradox: «Жазудың пайда болуы мен дамуы». – Пекин: Пекин университеті баспасы, 1987. – 71–79 бет.

ғана ұшырасады. Кейінірек олар дамып, қытай иероглифтерінің бір бөлігі саналатын пиктографиялық жазуларға айналған.


Екінші – қытай жазуының шығу тегі туралы жазба деректерге сүйене отырып қорытынды жасау. Көптеген жазбаларға, ресми тарихи фактілерге немесе нақты тарихи деректерге негізделу керек. Олардың кейбіреулері аңыздар, тіпті мифтер болуы мүмкін. Мифтер, әрине, шынайы тарихи факті емес, бірақ мифтер мен аңыздар көбінесе нақты тарихтың көрінісі. Көптеген мифтер мен аңыздардың пайда болуының белгілі бір тарихи алғышарты бар, сол үшін де біз оның көмескі мағынасына талдау жасауымыз керек. Сонда ғана бұл мифтер мен аңыздар бізге беймәлім уақыттың сәулесін түсіре алады. Қытай иероглифтері пайда болған кезде қандай формада болды? «Суреттен пайда болды» деген сөз бар. Бірақ бұл сурет аяқастынан бір күнде жазуға айнала салған жоқ. Қайта адамдар табиғат әлемін бақылап, табиғат әлемінің кейбір құбылыстарына әсер етіп, осы табиғи нысандарды мұқият бейнелеу арқылы қорытынды жасады. Мысалы, мен қоянды айтқым келсе, қоянның бейнесін саламын. Егер бір итті айтқым келсе, итті сызамын. Ағаш туралы айтайын десем, ағаштың суретін саламын... Сонымен «Шуовэнь Цзецзыға кіріспе» еңбегінде бірнеше сөйлем бар: «Ежелгі заманда Пао Си әулеті дүниені билеген», «Жоғары қарап аспанды бақылаған». Бұл жерде күнді, айды және жұлдыздарды бақылау үшін аспан әлемін зерттеді деген-

ді білдіреді. «Жер жүзін байқау үшін төмен қарады», яғни жердегі ағаштарды, гүлдерді, шөптерді және жануарлардан бастап, заттардың өзгеру заңдылықтарын көрсетті дейді. Бұл үзінді «Өзгерістер кітабы» деген ежелгі жазбадан алынған. Бастапқыда сегіз триграмманың шығу тегі туралы болды. Бұл – жазу туралы өте әйгілі «Шуовэнь Цзецзыға кіріспе» кітабының алғы сөзінде иероглифтердің шығу тегіне жанама түрде айтылған кіріспе. Өз әлемін білдіруге ұмтылған жазу жасау шеберлерін не шабыттандырды? Бұл аспандағы күн, ай, жұлдыздар мен жердегі аң, құстардың іздері шығар. Ертедегі адамдар күн, ай, жұлдыз, құс, аңдардың ізіне неліктен соншалықты мән берген? Өйткені алғашқы қауымдық қоғамда адамдардың еңбек өнімділігі төмен болған. Ауа райы мен географиялық жағдайға байланысты жазық далада, тауда, орманда, өзендерде түнеп, жануарлармен етене өмір сүрген. Ауа-райының қолайлығы адамдардың өмір сүруіне жағдай жасаған. Жануарлар жыртқыш па, жоқ, қолға үйретуге ыңғайлы ма мұның барлығы олар үшін маңызды болған. Жолбарыс, қасқыр, аю және басқа да жыртқыш аңдардан қорғанып, оларды ұстау үшін көп адам керек еді. Бірақ қой немесе бұғы сияқты шөпқоректі зиянсыз аңдар немесе құстар мен жәндіктерді тамақ ретінде пайдаланды әрі олармен бірге өмір сүрді. Жануарлардың іздері олардың қайда жүргенін анықтайтын сигнал болды. Бұл сигналдарды келісілген белгіге айналдыру – табиғи заңдылық. Сондықтан «Өзгерістер кітабында» «біз адам организмі мен сегіз

триграмманың байланысын зерттеп ашамыз» делінген, бұл – адамзаттың жазуды ойлап тапқанымен бірдей жаңалық.



Лису ұлты есеп жүргізу үшін жіп түйе әдісін пайдаланған



## Перу тұрғындарының жіп түйю туралы жазбалары

Сонымен жазу жарыққа шығардан бұрын біз заттарды қалай есте сақтап, қалай жаздық? «Жіп түйю теориясы» – өте сенімді аңыз. «Өзгерістер кітабы ақиқатынан» бастап «Ю Чжэн Цзюцзя И» жазбаларында «Ежелгі адамдарда жазу болған жоқ, бірақ олар уәделері мен анттарын жіпті әртүр-

лі тую арқылы есте сақтады, адам санына қарай жіптен түйін түйді» деген деректер бар. Бұл үзіндінің мәні: адамдар өмірі күрделілене түскенде, есте сақтау қажет болғанда, жіпті түйіп, түйіндерді қолданған... Үлкен оқиғаларды үлкен түйінмен, ал кіші нәрселерді кішкентай түйінмен білдірген. Жіпті түйіндеу тарихи деректер ғана емес, оны дәлелдейтін мәдени жәдігерлер. Еліміздегі кейбір аз ұлттар әлі күнге дейін осы жіп тую әдісін қолданып келеді. Лису ұлты есеп жүргізу үшін жіп тую әдісін пайдаланады. Хани ұлты қарызға ақша алған кезде бір түйінді ұзындығы бірдей екі жіппен байлайды және әрқайсысына талон ретінде бір түйін қояды. Наси ұлты мен Пуми ұлты да хабар жеткізу үшін жүн жіп пайдаланады... Басқа елдерде де жіп тую салты бар. Мысалы, Перу тұрғындары көлденең тартылған арқанға көптеген тік жіп іліп, әр жіптің түсін әртүрлі бояп, түрлі оқиғаларды есте сақтайды. Алайда біздің іздегеніміз есте сақтаудағы айырмашылық. Қоғамның дамуымен салыстырғанда жіп туюдегі айырмашылық кез келген жағдайға жеткіліксіз. Егер есте сақтауға тиісті заттар көп болса, түйін тую түсініксіз болып, қате түсініктер туындайды. Сондықтан «Шуовэнь Цзецзыға кіріспеде» былай дейді: «Шэньнун (егіншілік пен медицинаның қамқоршысы) өз істерін басқару мақсатында жіп түйгенде, қарапайым халықтың жұмысы күрделеніп, көлгірсу белең алды». «Қарапайым халықтың жұмысы күрделенді» деген не? Жұмыс көбейсе, түйетін жіптің түйіні де көп болады деген сөз. Қай түйін, қай оқиғаны түйгенін есте

сақтау қиын. Сондықтан да жазу теориясына қатысты өте әйгілі «Вэнь синь дяо лун» кітабына «Түйілген жіп – жазудың кескіні. Құстың ізі құсап, жазба ісі жазылады» деп жазылған. Кейін жіп түйю әдісі жеткіліксіз болғандықтан, адамдар жазуды ойлап табуға ынталы болған. Тек жазу ғана ақпарат жинау, сақтау және беру функцияларын орындай алған. Бұл пікір айтарлықтай сенімге ие.

Қытай жазуының шығу тегі туралы айтар болсақ, тағы бір маңызды аңыз бар, оны айтпай кетуге болмайды. Ол – «Цан Цзе иероглиф жасау жазбасы». Иероглифті Цан Цзе жасаған. Бұл мәлімдеме ежелгі жазбалар мен кітаптарда өте жиі кездеседі. «Хуайнань данышпандарында» былай дейді: «Бұрынғы кезде Цан Цзе жазу ойлап тапқанда аспаннан астық жауып, аруақтар түнде зар илеп жылайды». «Люйши чуньцю» де: «Сижұң күйме жасады, Цан Цзе жазу ойлап тапты, Хоуцзи егін екті, Гао Яо әділ заң жасады, Кунью қыш ыдыс жасады, Ся Гунь қала салды. Осы алты адам дұрыс әрекет етіп, халыққа пайда жеткізді» деп жазылған. Бұл өнертапқыштар тізімінде «Цан Цзенің жазу ойлап табуы» да бар. Цинь әулетінен шыққан Ли Сы «Жазу бірдей элементтерден тұрды» деп аталатын «Цан Цзе пиан» еңбегін жазған. Ол жалпы саны 3300 сөзден тұрады. Бірінші сөйлемі «Цан Цзе жазу ойлап тапты» деп басталатындықтан, ол «Цан Цзе пиан» деп аталады. Цан Цзе жазу ойлап тапты деген аңыздағы айтылғанның бәрі шындық па, сенімді ме? Біріншіден, Хуанди мен Цан Цзе – екеуі де аңызға айналған тұлғалар. Нақты де-

ректер жоқ болса да, жазумен байланысты өте ертедегі тарих бар, бұл орынды тұжырым. Екіншіден, қытай иероглифтерін жасау бір адамның ғана қолынан келмейді. Ол көптеген адамдар ұзақ уақыт бойы стихиялы түрде жасап, белгілі бір деңгейге дейін жинақтап, кейін біртебірте саналы түрде қалыптастырған тұжырым. Сюньцзының «Цзе пиан» шығармасында: «Жақсы каллиграфтар көп, бірақ оны тек Цан Цзе ғана қалдырады». Демек, Цан Цзе сияқты тұлғалар бары рас. Жазудың дамып, гүлдену кезеңінде әркім ойлап тапқан жазулар көп болуы мүмкін. Мысалы: Сіз «маймыл» мағынасын білдіретін иероглифті ойлап тапсаңыз, мен «қоян» мағынасын білдіретін иероглифін ойлап таптым, ол «жолбарыс» мағынасын білдіретін иероглифті ойлап тапты дегендей... Цан Цзенің жұмысы тек «бірді» «бір» деп реттеу болған. Осылайша Цан Цзенің жазу ойлап табуы туралы аңыз ақылға қонымды. Цан Цзенің жазу жасауы деген теория аңызға айналғанымен, императордың тарихшысы Цан Цзе Қытай өркениетінің өкілі ретінде бағаланып, бәрі құрметтейтін иероглифтің шығу тегінің символына айналды. Оған ғибадатханада тілеу тілеп, құрмет көрсету – біздің жазуымызға, өркениетімізге деген құрметтің бір түрі.

Үшіншіден, бұл сілтемелер мен аңыздарды ертедегі қытай иероглифтері арқылы растауға болады. Енді иероглиф пайда болған кездегі жағдайды түсіндіре алатын кейбір таңбаларды қарастырайық.

Ең алдымен, «өз айналандағы заттар мен құбылыстарды

бақылап, мәселелерді шешкенде немесе өзін жетілдіргенде тек өзіне ғана сүйеніп қоймай, сонымен қатар сыртқы ортадан және басқа адамдардың тәжірибесінен үйреніп, көмек алу керек» дегендей, өзімізге таяу жерден иероглифтің жасалу формасын іздейік. Алыстан арбалау дегеніміз – көрген нәрселердің сыртқы бейнесіне қарап иероглиф жасау. «Шуовэнь Цзецзы» кітабында құстар мен аң іздері бір-бірінен парықты екені айтылады. Алдымен, «#» деген сөзге тоқтайық. «Шуовэнь Цзецзы» жазбасында «#» сөзін былай түсіндіреді: «# – жануардың ізі деген иероглиф. # иероглифінің төбесіндегі # аң тырнақтарының пішініне ұқсас, ал астындағы # аң аяқтарының формасын білдіреді».



Осы төрт иероглифтің бірінші таңбасы – Чжоу әулетінің қола жазуы, екінші таңба – Сяочжуань, үшінші таңба – соғысушы мемлекеттер дәуіріндегі көне жазу, төртінші таңба – ежелгі жазу «#» иероглифі. Алдымен, көне жазуларға назар аударайық. Ежелгі иероглифтерде «қол» сөзі «#» иероглифі екенін байқасақ, Чжоу дәуіріне келгенде адамның қолы мен

мал аяғының бір-бірінен ажырағанын аңғарамыз. Қола жазулар мен сяочжуань жазуларында астындағы табан пішінін алып тастасақ, үстіңгі жағы да табан ізіне келеді, яғни табанның ізі жерге басылып тұр. Егер « # » мағынасына көбірек назар аударсақ, бұл сөздің оқылуы мен беретін мағынасы «#» бірдей екенін білуге болады. Бұл иероглифті басқа иероглифке өзгертсек, «саралау» мағынасын бөліп көрсетуге болады. Мысалы, «#» иероглифінің төбесіне « # » кілтін қойсақ, дәстүрлі қытай иероглифіндегі «тексеру мағынасын білдіретін #» болады. Оның мәні құстар мен жануарлар ізін ажырату үшін пайдаланған алғашқы адамдардың өмірін білдіріп қана қоймай, сондай-ақ олардың табиғатта өмір сүре жүріп дамыған мәдениетін де көрсетеді. «Өз айналаңдағы заттар мен құбылыстарды бақылау, мәселелерді шешкенде немесе өзін жетілдіргенде тек өзіне ғана сүйеніп қоймай, сонымен қатар сыртқы ортадан және басқа адамдардың тәжірибесінен үйреніп, көмек алу» әдісі бойынша, бұл лекцияда біз ең алдымен ертеректе болған сауыт сүйек жазуларымен танысамыз.



(目 көз)



(目 көз)



(眉 қас)



(齿 тіс)



(止 тоқтау)



(又 тағы)



(爪 ұстау)



(自 өзі)

Жоғарыдағы сегіз иероглиф «өз айналандағы заттарға» жатады. Түсіндірсек: цзягувэньде көлденең орналасқан «#» мен тігінен орналасқан «#» екеуі де «көз» деген мағынаны білдіреді, бірақ тігінен қойылған көз төмен қарап тұрғанды білдіреді. «#» аяқты бейнелейді. « # » мен « # » екеуі де адамның қолын білдіреді. «#» адамның мұрнын сипаттайды. «Адам дене мүшесіне байланысты» сөздерді дәл адамның сол мүшесіне ұқсатып жасаған таңба.



(直 тіке)



(相 өзара)



(韋 былғары)



(正 тура)



(興 көркею)



(支 ұру)



(教 үйрету)



(受 ұшырау)

Бұл – сегіз иероглиф жоғарыдағы иероглифтерді пайдаланып, үстіне мағына қосып жасалған таңбалар. «#» мен «#» қосылып, «тіке қарау» дегенді білдіреді. «#» ағаш пен көз «#» қосылып, «қарама-қарсы» деген мағынаны білдіреді. «#» қаланы айналған екі аяқ (#) сызылған, бұл «қоршау» дегенді білдіреді. «#» бір аяқпен (#) қалаға қарай ілгерілейді. Бұл «тура» немесе «жазалау» дегенді білдіреді. «#» төрт саусақты жайып, жоғары көтеру көңіл өскенін, ұру, соғу, қағу мағынасын білдіретін «#»-ны қосу арқылы туындаған «#» оқыту мағынасымен қатар қаузау мағынасын да білдірген. «

# » екі қолмен «беру және алу» дегенді білдіреді.

Төменде «өткенімізге үңілуге» талдау жасай отырып, сүйек пен тасбақа сауыттарына жазылған сәуегейлік жазу цзягувэньді қарастырайық.



(鸟 қарға)



(鸟 құс)



(角 бұрыш)



(解 шешу)



(木 ағаш)



(采 өң)



(日 күн)



(旦 таңсәрі)

Бұл иероглифтердің барлығы адамнан басқа табиғат әлемінің бейнелерінен жасалған: «#(құс)»-тан сайрау, шақыру мағынасын білдіретін «#»-ді туындатқан. «#» мүйіз мағынасынан ағыту, шешу деген мағынаны білдіретін «#» иероглифін туындатқан. Ағаш мағынасын білдіретін «#» иероглифінен үзу, жұлу мағынасын білдіретін «#» иероглифі жа-

салған. Күн мағынасын білдіретін иероглиф «#»-дан таңертең, таңсәрі деген мағынаны білдіретін «#» иероглифі жасалған. Иероглиф жасау кезінде қолданылатын бейнелерді «үлгі» деп атаймыз. Табиғаттан алынған бейнелерден жасалған бұл иероглифтер ең ерте кезеңде, яғни қытай иероглифтерінің ұзақмерзімді даму барысы деген болжам бар. Бұл иероглифтерді түсінгеннен кейін біз қытай таңбаларының шығу тегі жағдайына нақты талдау жасай аламыз.

Төртінші, қазба жұмыстарына негізделгенде, қытай иероглифтерінің шығу тегіне қатысты археологиялық деректер кездескен. 1980 жылдардан бері елімізде археологиялық жұмыстар айтарлықтай дамып, бізді мыңдаған жылдар бұрынғы өркениетті бақылауға көмегін тигізетін деректердің үлкен көлемімен қамтамасыз етті. Қытай иероглифтері айналымға ене бастағанда, жіп түйю арқылы ақпаратты берудің тәсілдері өз маңызын біртіндеп жойды. Осы кезде жазу бірте-бірте дыбысты естелікке алу рөлін атқара бастады. Енді сіздер қытай иероглифтері қашан пайда болды деп сұрайсыздар. Цзягувэнь жазудың шығу тегі ме, егер Цзягувэнь жазудың шығу тегі болса, онда оның бастауы қайда? Археологиялық деректер сан алуан нысандарды ашып, көп деректі растап, бірталай жәдігерлерді қазып алып, сан мыңдаған мәліметтерді растады. Ең бастысы, көптеген белгілерді тапты. Жазу – айтқан сөзді қағаз немесе басқа затқа түсіріп алатын таңбалар, сондықтан бастапқы таңбалар қандай сөздерді естелікке алып, қалай жазуға айналды? Сурет жазу

емес, белгі мен еркін салынған кескін екеуі екі түрлі дүние. Дыбыс пен мағына біріктірілгенде ғана тілдегі сөздерді жазып алуға, оқуға және айтуға болады. Сонда ғана бұл белгілерді жазу деп айта аламыз. Бастапқыда біз иероглифтерді бір-бірден жинадық. Тарихшылар олардың мәнін шешкеннен кейін барып иероглифтер көбейді, осы кезде жазу пайда болды. Археологиялық қазба деректерде материалдар өте көп, бірақ біз олардың тілмен дәлме-дәл байланысын және бір-бірімен туыстық қатынасын дәлелдей алмаймыз әрі бұл таңбалар жазудың анықтамасына сәйкес келмейді. Оларды біз «жазудағы алғашқы құбылыс» деп қана атай аламыз. Жазудағы алғашқы құбылыстың мәні мынада: бұл белгілер жазумен байланысты, оларды қытай иероглифтерінің бастапқы жасалу кезеңі деп болжауға болады, бірақ жазу деп кесіп айтуға болмайды.

Көпшіліктің осы жазулар туралы қандай да бір түсінігі болуы үшін мен төрт түрлі белгіні сіздердің назарларыңызға ұсынамын. Қазылып алынған материалдар негізінен осы дерек табылған жердің атымен аталады.

Алдымен, Қытай аумағындағы неолиттік археологиялық мәдениет бойтұмарларының бірі Яншао мәдениетіне (б.з.б. 5000–3000 жж.) тоқталайық:

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17	18	19	20

21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
31	32	33	34	35	36	37	38	39	40

41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
51	52	53	54	55	56	57	58	59	

№1-25-ке дейінгі белгі – Сианьдағы Банподан қазылып алынған мұра – бойтұмарлар. №26-48-ге дейінгі – Линтун Цзянчжай қирандыларынан. №49-51-ге дейінгі – Бэйшүли-дегі Баоцзи жерінен табылған бояулы белгілер. №52 белгі – Чанъаня бесінші қабатының қирандыларынан алынған.

*№53 белгі – Хэян Синье қирандыларынан. №54 белгі – Тунчуандағы Лицзягоу жерінен. №55 белгі – Линтун Юаньтоу қирандысынан. №56-59 белгілер Циньань Дадиван қирандылары Яншао мәдениетін бейнелейді.*

Яншао мәдениеті – Хуанхэ өзенінің орта аңғарындағы неолит дәуірінің маңызды өркениеті. Ол 1921 жылы Хэнань провинциясы, Саньмэнься қаласы, Мянъчи округі, Яншао ауылынан табылғандықтан, Яншао мәдениеті деп аталды. Ол шамамен б.з.б. 5000 жылдан б.з.д. 3000 жылдарға тәуелді. Хуанхэ өзенінің орта аңғары мен бүгінгі Ганьсу провинциясынан Хэнань провинциясына дейін созылған. Қазір Қытайдан табылған мындаған Яншао мәдени жәдігерлері бар, ең көп табылған жер – Шэньси провинциясы елдегі Яншао мәдени жәдігерлер санының 40%-ын құрайтындықтан, Яншао мәдениетінің орталығы есептеледі. Шэньси провинциясы Хуанхэ өзен аңғары мен Хэтао аймағына орналасқан. Ол – жері бай, түрлі өнімдер өнетін жер болғандықтан, көптеген оюланған белгілер табылған орын. Бұл белгілер жазуға өте ұқсайды және символдық функциясы бар болғандықтан, бізге біраз мәлімет беруі мүмкін, бірақ белгі пішіні және дыбыс пен мағына арасындағы байланысты кейінгі жазбалардан зерттеу қиын, сондықтан оны тек жазуға дейінгі құбылыс деп санаймыз.

Давеньку мәдениетінің (б.з.д. 4300 – 2200 ж.) қыш белгілеріне тағы бір назар аударайық.



1



2



3



4



5



6







7



8

Давеньку мәдениеті соңғы неолит дәуіріндегі типтік патриархалдық әлеуметтік форма. Ол Шаньдун провинциясының Тайань қаласындағы Давеньку елді мекенінің атымен аталған. Таралу аймағы шығыста Сары теңіз жағалауы, батыста Люси жазығының шығыс бөлігі, солтүстікте Бохай теңізінің оңтүстік жағалауы және оңтүстікте Цзянсудың Хуайбэй аймағына дейін созылған. Давеньку қыш белгілерінің әрқайсысына қарасақ, олардың барлығы суретке ұқсайды, сонымен қатар олар кейінірек қазылған ежелгі жазуларға өте ұқсас.

Мацзяо мәдениетінің қыш белгілері (б.з.б. 3300–2100 жж.).



№1-10 белгі – Ганьсу Баньшань, Цинхай Мачан қирандылары, №11-88 белгі – Цинхай Лювань, Леду қирандылары

Мацзяо мәдениеті негізінен Ганьсудағы Хуанхэ өзенінің жоғарғы ағысына және Цинхайдағы Таохэ, Дасяхэ, Хуаншуй өзен су аңғарларына таралған. Ол алғаш рет 1923 жылы Ганьсудағы Линьтаодағы Мацзяо ауылынан табылғандықтан, сол жердің атымен аталған. Мацзяо мәдениеті боялған қыш ыдыстармен танымал. Оның пішіні көп және сан алуан, өрнектері түрлі-түсті. Бұл – дүниежүзіндегі боялған керамиканың даму тарихында теңдесі жоқ мұра. Керамикалық белгілер Яншао мәдениетінің қыш таңбаларымен салыстырғанда пішіндері әртүрлі, бай мазмұнға ие. Оның ашылуы Хуанхэ өзені аңғарында қытайға тән белгілердің шығу тегі бойынша маңызды аймақ екенін тағы бір рет дәлелдеді. Бір таңғаларлығы, бұл белгілердің барлығы ыдыс-аяқ жасалып, кептіріліп болғаннан кейін бояу жағатын щетка сияқты құралдармен сызылып боялған. Біздің ата-бабаларымыз қылқаламды ойлап тапқан дәуірді осы уақыттан бастауға болады.

Соңында Лянчжу мәдениетінің (б.з.б. 3200 – б.з. 2100 ж.) нақышталған белгілерімен таныстырғым келеді. Ол – еліміздің оңтүстігіндегі Янцзы өзені аңғарынан табылған тарихы ұзақ жәдігер.



## Лянчжу мәдениеті кезеңіндегі оюланған белгілер

Лянчжу қирандылары Ханчжоудан солтүстікке қарай 18 шақырым жерде Юхан ауданындағы Лянчжу қаласында орналасқан. 1959 жылы археологиялық қазба жұмыстар табылған бұл өңір сол елді мекен атауымен Лянчжу мәдениеті деп аталды. 1936 жылы байқалған Лянчжу қирандыларының орталығы Тайху көлі аңғары. Қирандылар – ең тығыз орналасқан жер көлдің солтүстік-шығысы мен оңтүстік-шығысы. Ол негізі Лянчжу, Пинъяо, Аньси сияқты үш қаланың арасында орналасқан. Юхан округі – сол кездегі көптеген нысандардың жалпы атауы – соңғы неолит дәуірінде адамдардың қоныстанған жері. Сондықтан қытай өркениеті Хуанхэ өзені алабында пайда болып, кейін Янцзы өзені алабына сәулесін таратқан.

Көпшілікке иероглифтердің шығу тегі туралы түсінік қал-

дыру мақсатында Давенькудағы қыш белгілер мен көне жазбаларды салыстырып көруге болады. Бұл қыш белгілердің жай-күйі мен стилінен, біз иероглифтердің пайда болуы осы кезеңге өте жақын болуы мүмкін деп есептейміз.

Давенькудағы қыш белгілері Цзягувэнь ертедегі қола жазулар:



Бұл бес қыш белгінің бірінші таңбасы Цзягувэнь мен қола жазудағы «#(дан)» бір-біріне өте ұқсас. Үстіңгі жағы көтерілген күн, ал төменгі жағы жерден енді ғана шекарасын айырып, шығыс жақтан көтеріліп келе жатқан жарық шеңбер тәрізді. Екінші белгіде бүкіл таңбаның төменгі бөлігі, күннің тау басындағы көрінісі. Бұл таудың алдыңғы таудан артық екі шың бар. Үшінші таңба Цзягувэнь мен қола жазудағы «#(цзинь)». Цзинь мағынасы ежелгі дәуірден қазір-

ге дейін балта (##) деген сөзді білдіреді. Яғни, «#» балтаға қатысты әрі оған ұқсайтын «#» «#» мен қатар «#» де бар. Соңғы екі иероглиф ондық таңба мен жыл есебі деген мағынаны білдіреді. Сонымен бірге олардың формасы бір-біріне таяу келеді. Мұның өзі бұл белгілер өзіміз жасаған иероглифпен байланысты екенін көрсетеді, сондықтан біз оларды жазуға дейінгі құбылыстар, яғни иероглифтердің алдыңғы қайнар көзі деп айта аламыз.

Көптеген қыш белгілер мен иероглифтер арасындағы байланыстан басқа, назар аударуға тұрарлық кейбір түсіндірмелер де бар. Осы жерде мен сіздерге Хэнаньдағы әуесқой археологтың өте құнды мәлімдемесін таныстыра кетейін. Сонымен қатар иероглифтердің шығу тегіне назар аударуды барлығыңызға ескерткім келеді. Яншао мәдениетінің орта кезеңіндегі Мяодигоу қирандыларының орны Хэнань ежелгі Шааньчжоу қаласының оңтүстігінде орналасқан. Бұл алғашқы рулық қауым саналады. Ондағы боялған қыш өрнектер өте талғаммен жасалған. 1980 жылдары Ма Баогуан есімді жас жігіт сол кезеңде боялған қыш ыдыстардағы балық үлгілерді зерттеуге ден қойды.

Төменгі жақ екі қатар – балық пішінді әшекей өрнектер. Бірінші қатар а – боялған қыш ыдыстардағы балық өрнектерінің тік жинағы, b – жалғыз балық бір бағытқа қарап тұр, c – екі балықтың басы бір-біріне қарсы қарап достасу деген мағынада болса, d – цзягувэньдегі «#» таңбасы. «#» мен «#»-дың шығу тегі бір және мағыналары бірдей. Екінші қатар-

да боялған қыш ыдыстардағы балық – басты өрнек. А – боялған қыш ыдыстардағы балық – басты оюлардың көлденең жинағы. В – бір-біріне қараған төрт балықтың басы, с немесе d – олардың қысқаша жазылуы. Ол Чуньцю дәуіріндегі қола жазудағы «#» с-дағы және соғысушы мемлекеттер кезеңіндегі бамбук жазудағы «#» таңбасы d-дағы, шыққан тегі бір деп есептейді.



a



b



c



d



a



b



c



d

Ма Баогуан да бір болжамды алға тартты. Ол цзягувэнь мен қола жазулардағы «# (мин)» сөзі де балық басының үлгісінен пайда болған деп есептейді.



(Цзягувэнь  
бастапқы мезгіл)

a



(Батыс Чжоу дәуірі  
қола жазулары)

b



(Соғысушы елдер  
қола жазулары)

c



d



e



f

Жоғарыдағы екі жол – ертедегі жазу мен қыш өрнектердегі сызба; а, б, және в – цзягувэнь жазуы мен қола жазуы, d, е мен f – балық үлгісіндегі жазулар, олар бірбіріне ұқсайды. «#» балықтың көзін пайдалану арқылы анық, айқын, жарық деген ұғымды білдіріп тұр. «Эръяда (иероглифтердің ең көне түсіндірме сөздігі б.з.д. III-II ғасыр)» «#», «#», «#», «#» иероглифтері бар, бұл – ең көне пиктограммалар. Боялған қыш жазу, балық үлгісіндегі жазу және ертедегі пиктограммалар жазулар арасындағы байланысты растай ма? Бұл тұжырым ежелгі өркениеттің көпшілігі өзен алаптары мен балық үлгісіндегі жазу мәдениетінде пайда болған деген ойға сәйкес келеді. «Бұл – ежелгі өркениеттің тарихи дәлелі», – дейді академик Го Можо мырза.

Жоғарыда аталған деректер еліміздің сол жылдардағы археологиялық жетістіктерінің аз ғана бөлігі болғанымен, қы-

тай жазуының шығу тегі туралы ізденісті анық байқаймыз. Біздің өркениетіміздің тарихы бес-алты мың жыл шамасында десек, артық айтқандық емес.

Жоғарыда келтірілген төрт дәлелді жинақтай отырып, біз иероглифтердің пайда болған мезгілін болжауымызға болады. Ақпарат бере алатын белгілерден суретті жазуға, суретті жазудан кескін өрнектерге бірте-бірте ауысудан бастап, заттар арасындағы байланыс арқылы идеографиялық элементтер көбейді. Кейін олар ұзақ уақыт бойы баяу дамып, біртіндеп Батыс өркениетінен алшақтады. Үдеріс неолит дәуірінен басталды. Бұл тарихи кезеңді белгілі бір уақыт деп айтар болсақ, ол б.з.б. 4000-3000 жылдар аралығы болуы мүмкін. Егер цзягувэнь уақытын ары қарай жылжытсақ, онда жазу сол кезде пайда болған деп болжауға болады. Қазіргі уақытта біз болжай алатын ең ұзақ уақытқа дәлел – неолит дәуіріне жататын белгілердің шығу тегі ең жоғары шегі немесе біздің эрамызға дейінгі 4000 жылдардағы Яншао мәдениетінің қыш белгілері.

Қытай жазуының шығу тегін анықтау үшін ең жоғарғы шек пен ең төменгі шекті неліктен қолданамыз? Бізге белгілісі, дәуір неғұрлым алыстаған сайын, әлеуметтік даму соғұрлым баяулайды. Біздің бүгінгі таңда аз уақыт ішінде ашқан, ойлап тапқан және жаңартқан нәрселеріміз ежелгі дәуірде ондаған, тіпті жүздеген рет қайталанып жасалған шығар. Ежелгі өркениеттің дамуы баяу жүрді, сондықтан біз қатаң және объективті жоғарғы шекті енгіздік.

Төменгі шек дегеніміз қай кезең? Ең төменгі шек – біздің цзягувэнь. «Құрмет кітабы» – ежелгі тарихи құжаттарды жазып қалдырған қытай классикасы, онда көптеген нақты мәліметтер жазылған. «Құрмет кітабы», қызметшілер жазбасында Батыс Чжоу әулетінің алғашқы жылдарында Чжоу Гонь: «Тек Инь династиясының атабабаларында жазбалар мен қағида болғандықтан, Инь династиясы Сяны күйретіп, Шан әулетін билікке әкелген», – деп жазған. Ся, Шаң және Чжоуды «үш әулет» деп атайды. Ся әулеті – қытайдағы атадан балаға жалғасқан шежіресі толық алғашқы әулет. Сол үшін де Сяның басында, яғни б.з.б. 2100 жылдар шамасында жинақталған қытай иероглифтері болуы мүмкін. Болжам бойынша, иероглифтердің шығу тегінің төменгі шегі шамамен б.з.б. 2100 жылдар шамасы деп отырғанымыз осыдан.

Қытай иероглифтерінің пайда болған уақыт кезеңін шамамен түсіндіру үшін уақыт шкаласын қолданып көрейік. Біртүрлі мәдениет бес-алты мың жылға созылса, ал жазу тарих пен өркениет тасымалдаушы. Ежелгі өркениеттер әртүрлі жерлерде пайда болғанымен, бүгінгі күнге дейін тек қытай иероглифтері үзіліссіз жалғасып келеді. «Қытай жазуының шығу тегі» еңбегіндегі сяочжуаньнан цзягувэнь жазуларын оқып түсінуге болады. Мұндай жағдай ешбір елде жоқ. Бұл жағынан біз тәлейіміз оңынан келген елміз.

Қытай иероглифтерін меңгеру арқылы ғана мыңдаған жылдар бұрынғы классиканы оқып, мәдениетке ие болып, тарихтан сабақ алып келеміз.

## Қытай иероглифтерінің шығу тегін бағалау Давеньку мәдениеті



Біз иероглифтерді жақсы көруіміз, құрметтеуіміз, үйрену үшін аянбай еңбек етуіміз және түсінуіміз керек. Бұл – қазіргі азаматтардың бойында болуға тиісті ерекше мәдени қасиет. Біз көне иероглифтерді жаңа дәуірдің өміршеңдігімен жарқыратып, оны өз қолымызбен дамытып, әлемге таратып, болашаққа жалғастыра аламыз.

## ТКЕЛЕЙ ЭФИРДЕГІ СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

**Сұрақ:** Ван Нин ұстаз, маған ең алдымен сұрақ қоюға мүмкіндік бергеніңіз үшін көп рақмет! «Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» дегендей, менің сұрағым, сіз жаңа ғана иероглифтің Хуанхэ өзені аңғарынан Янцзы өзені алқабына дейінгі «таралу» мәселесін айттыңыз. Мен Гуандуннан кеше ғана келдім. Чжухаеде өте көне жазулар

бар, оның жасы 4000 жылдан астам болуы мүмкін. Мен осы сұрақ төңірегінде ойланып отырмын, яғни иероглифтердің шығу тегі бір ғана мәдени орталықтың сыртқы ықпалынан гөрі өзара бір-бірімен ықпалдастығынан деп ойлаймын. Бұл зерттеуге тұрарлық сұрақ шығар деген үміттемін, рақмет! Сұрағымды нақты түсіндіре алдым ба?

**Жауап** : Сіз дұрыс әрі нақты айттыңыз. Ұстаздың айтпағы да өркениеттің бастауы бір жерден емес, көптеген өңірлерден бастау алады. Өзіңіз қараңызшы, Қытай үлкен ел болғандықтан өркениеті әртүрлі аймақтарда пайда болған. Бұл «өркениеттің тегі әртүрлі жерден пайда болу теориясы» деп аталады. Иероглифте бір жерде жасалған жоқ, қайта ол тарату, алмасу, жинақтау және ұйымдасу кезеңдерінен өтті. Егер «өзара ықпалдасу» деп аталатын байланыс жалпыласуға қатысты болса, біз бұл тұжырыммен келісеміз. Дегенмен аймақтарда мәдениет әрқашан салыстырмалы түрде ерте пайда болатынын жоққа шығаруға болмайды. Мәдениет қалыптасқан кезде оның дамуына әсер ететін кейбір әсекелеген аймақтар болады. Өркениеттің шығу тегі саналатын көптеген бастауларды мынау алды, анау арты деп бағалауға болмайды. Менің ойымша, бұл барлығыңызға түсінікті шығар.

**Сұрақ**: Сәлеметсіз бе, Ван мырза! Біз Қытайды бес мың жылдық тарихы бар ежелгі өркениет деп жиі айтамыз. Менің білгім келетіні сіз айтқан уақыт, ұғымның жазудың шығу те-

гімен байланысы бар ма? Сізге рақмет!

**Жауап** : Біз бес мың жылдық өркениет туралы жиі айтамыз. Менің ойыма осыдан бірнеше күн бұрын қойылған «Қытай жазуына бес мың жыл» деген фильм түсіп тұр. Бес мың жыл – қытай иероглифтерінің шығу тегіне байланысты болжанған уақыт. Алты мың жыл бұрын десек, бұл бес мың жылдан сәл ғана ертерек болған сияқты көрінеді, бірақ бізде зерттеу уақытының жоғарғы және төменгі шегі бар. Себебі цзягувэньге дейін жазу деп атауға болатын типтік белгілер әлі байқалған жоқ, жалпы белгілі бір кезең туралы объективті болжам жасайды. Оны әдетте тұтас бес мың жыл десек, бұл да болжам. Бірақ толық сан болғандықтан әркімнің есте сақтауы оңай ғой? Бес мың жылдық өркениетте, әрине, иероглифтер бар. Жазу болмаса, өркениетті дәуір де болмайды. Жазудың пайда болуы адамның әлеуметтік өмірі мен өндірістік қатынастарын жан-жақты байланыстырып, дамытты, өркениет ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы керек екенін көрсетті. Жазусыз әлеумет қалай ұрпақтан ұрпаққа жалғасып дамыр еді? Ауыз екі тіл уақыт пен кеңістіктің шектеулерінен өте алмайды. Ол тек адамнан адамға немесе айналасындағы бірнеше адамға ғана таралады, ауқымы өте тар. Сондықтан тек жазу арқылы ғана өркениет дамыды. Қытай иероглифтерінің шығу тегін бес мың жылдық өркениеттен бастап айтқаныңыз дұрыс.

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Сіз жаңа ғана лекци-

яңызда Цан Цзе Қытай тарихындағы аңыз екенін айттыңыз. Бұған қоса, ежелгі қытай кітаптарындағы аңыз бойынша Цан Цзе Хуан-ди дәуірінде шежіреші болғанын да айттыңыз. Қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтар мен мұраларды, діни, моральдық нормалар мен түсініктерді қайта қарауды, жоққа шығарушылар мынадай екі сұрақты алға тартады: Біріншісі, Цан Цзе Қытай тарихында шынымен болды ма? Екінші сұрақ, Цан Цзе Хуан-ди дәуірінде шежіреші болғаны рас па? Енді осы екі сұрақты қалай дұрыс түсіну керегін айтыңызшы.

**Жауап** : Бұл – аңыздар мен тарихи сенім арасындағы байланысты қамтитын өте жақсы сұрақ. Жаңа айтқанымдай, неге Цан Цзені шынайы тұлға емес деп айтамыз? Бұл мынадай мағыналарды білдіреді: Хуан-ди дәуірінде шежіреші Цан Цзе деген адам болған. Ол жазуды ойлап тапқан деген тұжырымды тарихи деректерден тауып, растай алмадық, сондықтан тарихта жазу ойлап табушы Цан Цзе деген адам болған жоқ, ол тек аңыз. Шежіреші жазудың формасын жасағанымен оны түсіндіруі де қиын. Бірақ бұл аңызда шындық та бар шығар. Қай кезде болса да, жазумен ең жақын қарым-қатынаста болған адамдар болған болуы мүмкін. Олар жазуды алғаш ойлап тауып, жазуды ұйымдастырған болуы да ықтимал. Себебі шежірешілер жазуды көп қолданатын адамдар. Цан Цзе – қытай иероглифтерін ойлап тауып, тарихқа қалдырған тұлға болмаса да, таңбаларды ойлап тапқан халық да-

налығының өкілі. Цан Цзеге жасалған құрмет – біздің ата-бабаларымызға көрсеткен құрметіміз.

Осындай даңқты өнертабыстар мен жасампаз ата-бабаларымыз болмаса, бізде сонша көне кітаптар қайдан болар еді? Жоғары технологиялық, цифрлық компьютер кейіпкерлері қалай пайда болды? Біз жазу болмаған дәуірден біртіндеп жазу пайда болғанға дейінгі қадам өте қиын және ұзақ екенін білуіңіз керек. Тарих тез дамып келеді және ежелгі қараңғылық дәуірінің өркеніетке көшу уақыты өте ұзақ. Бұл өркеніет белсенділерін қалай құрметтемеуге болады? Цан Цзе тарихта расталмаса да, сол дәуір, мансап, жетістіктер біздің қиялымызды шарықтатып, толықтырып, бізге асқақ сенім берді. Бұл – заңдылық. Кейбір жерлерде тұрғындар Цан Цзе ғибадатханасын салады. Саяхаттап жүргендер немесе өтіп бара жатқандар барып, кіріп, тағзым етуіне болады. Бірақ мен өз басым кейбір ауқымды мемориалдық шараларды өткізу, кейбіреулердің тіпті «мәдени сахнаны коммерциялық опера» деп аталатын ісшараларға айналдыруына қарсымын. Бұл қазіргі қоғамның мәдени құрылысына тиімділігі жоқ, қажет емес шаралар деп ойлаймын.

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Кейбіреулер иероглифтер қытай тілін таңбаламайды дейді. Кейбір иероглифтер қытай тілінен ертерек пайда болған деп жүр. Мұның жөні қалай?

**Жауап:** Бұл ұғым – қазіргі заманда өте жиі тараған

сөз, себебі барлығына иероглиф қатты ұнай бермейді және таңбалар өте керемет деп ойламайды. Сондықтан тілді иероглиф естелікке ала алмаған, иероглиф қытай тілінен әлдеқайда ерте пайда болған деп қарайды. Бұл түсінбеушілік және жеткілікті ғылыми дәлел емес.

Қытай иероглифтерінің шығу тегін зерттеген кезде ғалымдар кейбір белгілерді байқап, бұл белгілер жазудың ізашары болуы мүмкін деп қарады. Сіздердің араларыңызда Нинсядан келгендер бар ма, әлде Нинсяға барғандар бар ма, білмеймін. Нинсядағы Хелань тауларындағы жартастарда көптеген суреттер бар, олардың ішінде қозы, құлын тағы басқа да жануарлардың бейнесі салынған. Олар өте әдемі. Жартастағы бұл суреттердің тарихы ұзақ. Қазылып алынған кейбір қыш ыдыстарда да көптеген белгілер бар. Лекция барысында үлкен экраннан барлығыңызға осы белгілерді көрсеттім. Бұл белгілер нені жазды, нені білдіреді? Барлығы сараптап, болжам жасауда, бірақ бұл белгілердің ешқайсысы қытай жазуын дәлелдей алмайды. Бәлкім, бұл түсінбеушілікті тудырған жазуға дейінгі осы құбылыстар болуы мүмкін.

Біріншіден, бұл белгілер уақыт бойынша тілден бұрын болуы мүмкін емес. Адамды адам еткен – тіл. Басқаша айтқанда, халық бар жерде тіл бар. Адамдар қашан пайда болып, тілі қашан шықты? Тіл болған кезде, жазу жоқ еді, тіпті жазуға дейінгі құбылыстар да болмады. Қазіргі Бейжің жерінде жасаған Бейжің адамы қашан пайда бол-

ды? Археологтар бұл шамамен 460 000 жыл бұрын деп есептейді. Ол кезде жазу болды ма? Қазба жұмыстарынан табылған мәдени жәдігерлердің барлығы да адам баласының туындысы. Олар қалай нақыштап немесе ойып белгі салынғанына қарамастан, ондағы таңбалардың барлығы адамның ісәрекеті. Тіпті адам болмаса, жазуды кім ойлап тапты? Адамның мінез-құлқы, ой санасы қалай пайда болуы мүмкін? Бұл – ең көп таралған логика. Сол үшін де жазу тілден ерте пайда болған деу әбестік емес пе?

Екіншіден, біз «жазу» деген не екенін білуіміз керек пе? Онда жазу – маңызды әлеуметтік құбылыс. Оның анықтамасы: тілді естелікке алатын таңбалар жүйесі жазу деп аталады. Жазу – ауызекі тілді жазба мәтінге айналдыратын қосалқы таңбалар жүйесі. Белгілер тілді тіркейтінін дәлелдей алмаса, оны «жазу» деп атауға болмайды. Белгілер жайлап жазуға айналады деп жорамалдасақ та, оларды тек «жазу алдындағы құбылыс» деп атауға толық дәлел бар. Антропология, археология, лингвистика, филология... барлық көрнекі белгілерді «жазу» деп атайды. Қытай иероглифтері пайда болғаннан кейін тілмен үйлеспейтін идеографиялық белгілер әлі де жарыққа шығуда. Мысалы: спорттық оқиғаларды білдіретін белгілер, халықаралық және ұлттық жол белгілері, телеграф кодтары, тауар таңбаларының сериялары... Олардың барлығы белгілі бір дәрежеде қандай да бір мағынаны білдіреді, бірақ олардың ешқайсысын сөз деп атауға болмай-

ды, өйткені олар тілді естелікке алатын таңбалық жүйелер емес. Жазудың анықтамасы тұрақты емес. Ғылым эмоцияларға негізделмейді, солай ма?

**Сұрақ:** Ван мырза, лекцияңызға рақмет! Соңғы екі жылда ел көлемінде қытай тілінен диктант жазу сайысы өтті. Жазудың шығу тегі тұрғысынан барлығын бақылап, иероглифтердің алғашқы бейнесін салған біздің атабабаларымыз екен. Иероглифтер реформаланса да, әлі де көптеген идеографиялық өрнек әдістерін көреміз. Диктант сайысы, иероглифтердің мағынасына емес, пішіні мен дыбысына назар аударды, осыған байланысты менде бір сұрақ бар. Егер мен болсам, оқылуы мен мағынасын біліп, түсіну үшін жобалаған болар едім. Білгім келетіні – бұл диктант сайысының бағыты не? Рақмет!

**Жауап:** Бұл – практикалық мәселе. 7 және 8 лекцияларда иероглифтерге қатысты кейбір нақты мәселелерді талқылаймыз. Мен алдымен сіздің сұрағыңыз бойынша өз пікірімді айтайын. Қытай иероглифтері бойынша диктант байқауының бастапқы идеясы шешиши мәнге ие. Өйткені қазір компьютер болған соң, қолмен аз жазамыз, сол себепті қолмен жазуды ұмытып барамыз. Жазуды насихаттау үшін диктант жазу жарыстарын ұйымдастырдық. Сіздің пікіріңіздің орынды тұсы – иероглифтердің сипаты туралы мәселе көтергендігіңізде. Иероглифтер дегеніміз идеографиялық жазулар болғандықтан, олардың дыбысталуы мен пішінін жаттап алу жеткіліксіз. Есесі-

не, жазудың қалай құрастырылғанын түсіну өте маңызды мәселе, жарыс бәрін дерліктей қамти алмайды. Әрқашан назар аударатын мәселе – тіл дыбыс арқылы жеткізілуі керек. Сөздер мен идиомаларды тақырып ретінде қолданғанда, сіз де мағынасын түсінесіз, бірақ бұл иероглиф құрылымының мағынасы емес. Болашақта иероглиф құрылымның мағынасына, яғни теориясына арналған бағдарламалар болады деп ойлаймын. Сол кезде әркім иероглиф пішінін түсініп, оның мағынасына тереңірек бойлайды.

Біздің балаларымыздың бастауыш мектепте бірінші сыныптан үшінші сыныпқа дейінгі негізгі міндеті – сауат ашу, текст оқу арқылы иероглиф тану. Жаңа ғана сұрақ қойған мырза дұрыс айтты. Жазу тану тек жатқа жазу емес, иероглифтің қалай жасалғанын, оның мәні неде екенін түсіну. Біз осы ұғымдарды тәрбие арқылы жеткізуіміз керек. Тағы бір нәрсе – бәрімізге иероглифтің не екенін түсіну үшін ғылыми әлеуметтік білімге сүйену маңызды. Ұлттық кітапхананың бұл ашық сабағы адамдарға иероглиф туралы нақты түсінік беру. Егер жаңа ғана сұрақ қойған мырзаның иероглифті дұрыс түсініп, байқау ұйымдастыруға мүмкіндігі болса, менің ойымша, жақсы жоба дайындалады деп ойлаймын.

Қазір диктант жазу сайысын жетілдіру мақсатындағы сұрақтар күрделеніп барады. Үлкендерге, тіпті кәсіби мамандарға қойылған сұрақтардың өзі бейтаныс, күнделікті өмірге қажет емес нәрселер. Бұл кейбір орталау мектеп

оқушыларының иероглиф жаттау дағдысына кері әсер етіп, аз санды оқушылар иероглифті игере алмай сыныптан бөлініп, «дараланып» қалатын жағдайлар тұғызады. Бұл тәсілдің бағыты дұрыс емес, проблемалары бар әрі негізгі білімге кері әсерін тигізеді. Шын мәнінде, иероглифті түсіну бір-екі жарыспен шешілмейді, мектептердегі негізгі білімге байланысты шешіледі. Көңілді көтеріңкі ұстау біздің ресми білімімізге теріс жағынан әсер етпейді деп үміттенемін. Бұл біз үшін дұрыс беталыс.

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван мырза! Мен енді байқадым, сіздің РРТ-де Яншао және Давэнкоу мәдениеттерінен бастап, Инь және Шан кезеңінен табылған цзягувэньге дейінгі феномен туралы әңгімелейтін уақыт шкаласында бос кезең бар сияқты. Мысалы, Ся династиясы. Бұл уақытта жазу қандай күйде немесе оның дәнекері қандай қатынас құралы болды?

**Жауап :** Ся патшалығының тарихи жазбаларына келсек, бізде бұл жөнінде мүлде тарихи дерек жоқ. «Тарихи жазбалар», «Ся жазбалары» сонымен қатар, «Құрметті кітабы», «Ся шежіресінде» де: «Барлық елдің патшаларында халық пен ұрпаққа зиян тигізетін заңдар мен ережелер болды». Заң ереже болса, әрине, жазу болады. Бірақ ол кездің жазуы әлі табылған жоқ және біз оларды көрген де жоқпыз. Қазір біз көріп отырған ең алғашқы жазулар Инь және Шан династияларының цзягувэнь жазулары. Дегенмен Инь, Шан династияларына дейін жазудың ұзақ

даму кезеңі болды, кейбір жазулар цзягувэнь жазуларына ұқсас болуы мүмкін деген болжам бар. Цзягувэнь жазулары тасбақа сауыты мен сиырдың жауырын сүйектеріне қашап жазылғандықтан сақталған. Жазу үлгісі бұзылмайды, сондықтан бүгінгі күнге дейін жеткен. Цзягувэнь жазулары қашап салынған. Инь, Ся династияларында сәуегейлік жазудан басқа аспектілер жазуы болғанын елестете аламыз, бірақ заттардың шіріп ыдырауына байланысты ол жазулар да солармен бірге жоғалғандықтан, біз оларды көре алмадық.

Цзягувэнь пісіп-жетілгенге дейін басқа жазу болған болуы керек. Цзягувэньде 4000-нан астам белгі бар. «Қытай иероглифтерінің шығу тегі» және классикалық кітаптардың кейінгі бұйындарына сүйене отырып, біз 1000-ға жуық белгіні түсіне алдық, ал қалған 3000-ға жуық таңбаны әлі түсіне алмадық. Бұл жазулар ұрпақтан-ұрпаққа жалғаспайтын жазулар болуы мүмкін. Бірақ Ся әулетінің жазуларын анықтауға көмектесуі мүмкін.

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Біздің жазудың мыңдаған жылдық тарихы бар, бірақ «қытай иероглифтері» деген атау қашан пайда болды? Мен Нинсялық донғанмын, сонымен қатар біз басқа бір ұлт ретінде қытай тілі мен иероглифтерін төл жазуымыз сияқты қолданамыз, сонда бұл жазуды «қытай жазуын» қолданғанымыз дұрыс па? Біз үшін осы сұраққа жауап беруді өтінемін.

**Жауап :** Сіз Қытай иероглифтерінің атауы қашан пай-

да болды деп сұрағыңыз келеді, солай ма? Қытай иероглифтері қытай тілін жазу үшін қолданылатын шаршы таңбаларға қатысты пайда болды. Циньге дейінгі Хань патшалығы, Суй және Тан патшалықтарының тарихи кітаптарында «қытай иероглифтері» деген сөздер кездеспеді. «Ляо жазбалары», «Цзинь жазбалары» және «Юань жазбаларына» дейін де «қытай иероглифтері» деген атау болған. Бірақ бұл әулеттерде ханзу халықтары басым болған жоқ. «Қытай иероглифі» термині негізінен ханзуларды кидан, түрік және моңғолдан ажырату үшін қолданылды. Кейін қытай тілін естелікке алатын жазулар қытай иероглифтері деп аталады.

**Сұрақ:** Қытай иероглифтері мен қытай тілі ханзу ұлтының жазуы мен тілі деп түсінсек бола ма?

**Жауап :** Қытай иероглифтері қытай тілін естелікке алады, ал тілдердің ұлттық ерекшеліктері бар екенін ескерсек, қытай тілін тек хань ұлты ғана дамытқан. Мұны филология немесе лингвистикамен айналысатын мамандар бәрі біледі деп ойлаймын. Менің ұстазым Ци Гун мырза әдебиет пен классиканың танымал білгірі, тілді жетік меңгерген каллиграф, ұлы маньчжур Айсин Джоро әулетінен шыққан. Қазіргі қытай тіліне басқа этностардың саныз дыбыстары, сөздері, идеялары мен мәдениеттері енген. Ол қаншалықты ұзақ уақыт дамыған сайын, соғұрлым көп нәрсені өзіне сіңірген. Әрине, оның негізгі бөлігі ханзу ұлты болған дейді. Сондықтан оны жалпы «қытай

иероглифтері» және «қытай тілі» деп атаймыз. Сингапур сияқты шетелдерде оны «хуаюй» деп атайды. Мәдениет дегеніміз – чжунхуа ұлты.

**Сұрақ:** Рақмет, Ван мұғалім!

**Жауап :** Сұрағыңызға тағы бір мысал келтірейін. Музыка туралы айтсақ, ішекті және үрмелі аспаптар сияқты көптеген музыкалық аспаптар ханзу ұлтыныңкі емес. Ашылық ұлттардың музыкасы біздікінен әлдеқайда дамыған, бірақ қазір оларды жинақтап, біз де ұлттық музыкамыз деп атаймыз. Оның қай ұлтқа тәуелді екенін нақты айта алмайсың. Еліміздегі басқа да көптеген этностар бізге өнерде үлкен серпін беріп, қытай тіліне зор үлес қосты. Сондықтан бізді Чжунхуа халқы деп атап, хань ұлты деп атамайды. Қытай тілі мен қытай иероглифтерінің бүгінде осындай бай болу себебі, оған көптеген этностар қолын созып, өз үлесін қосты, әйтпесе ол бүгінгідей болмас еді.

**Сұрақ:** Ван ұстаз, сәлеметсіз бе! Біздің үйде сауат ашу кезеңіндегі – бастауыш мектептің бірінші және екінші сыныбында оқитын балалар бар. Кітап дүкендерінде, интернетте қытай иероглифтері туралы суретті кітаптардың көптеген нұсқалары бар екенін дәл қазір айттыңыз. Осы кезеңде балаларға иероглиф пен суретті кітаптардың қандай нұсқасын ұсынар едіңіз?

**Жауап :** Сіз оған иероглифтерді қалай үйрету керекін білгіңіз келеді, солай ма? Бастапқыда балаларды мұғалім

оқытуы үшін мектепке жіберетін едік. Ал қазіргі кезде ата-аналар алаңдап, балаларын мектепке дейінгі уақытта өздері оқытуға мәжбүр болып жүр. Кейбір білім тиімді, ал кейбіреулері соншалықты тиімді емес. Нақты жағдайдан алып қарағанда қазір білім беруде көптеген мәселелер бар. Бірталай мектептер бірінші сыныпқа баратын баланы қабылдағанда, оның қанша иероглиф білетініне қарап бағалап қабылдайды. Бұл атааналарды балаларын оқу жасына дейін тағы да қосымша білім алу үшін оқуға мәжбүрлейді. Қытай иероглифтерін үйрену оң миды дамытады. «Бала иероглифті неғұрлым ерте үйренсе, соғұрлым зерек болады» деген ғылыми негізі жоқ ұғымдар тағы бар. Шынтуайтында, мұның бәрі – негізсіз мәлімдемелер. Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытып, ойлауға үйрету өте маңызды. Иероглифтер тілді естелікке алатынын, ал тіл қабілетінің сауаттылыққа белгілі бір шектеулері бар екенін айтып келеміз. Біз балалардың өз ойын айту үшін қолданатын сөздерді жинадық. «Ол», «олар» деген сөздер олардың «психологиялық сөздігі» ретінде қызмет атқарады. Баланың ақыл-ой сөздігіне енетін жазуды олар есіне сақтап, жаза алған жағдайда ғана пайдалы. Мектепке дейінгі кезеңде ата-аналар балаларының тілінің дамуына, тілге байланысты ойлау қабілеттеріне назар аударып, сөзге қызығатын кезде сөз бен сөзді байланыстыруға ықпал ете алса, бұл – жақсы бастама. Ең дұрысы, көп жазуды тануға, тіпті сол жаста

оған қажеті жоқ иероглифті білуге мәжбүрlemeу. Балаға ұнаса, оқығаны баяндайтын суретті кітаптарды оқыған дұрыс, бірақ нарықта шабыттандыратын және жас балаларға қолайлы кітаптар көп емес. Кейбір мұғалімдер сабақта көп бос сөз сөйлейді. Мұның бәрі оның иероглиф туралы білімінің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ата-аналар баланың тілінің дамуы неғұрлым тез болса, соғұрлым жақсы екенін білуі керек. Тіл дағдыларын дамытумен қатар, балаларының иероглифке деген қызығушылығын арттыру үшін дұрыс әдістерді қолдануы لازم. Осылайша олар бастауыш сыныпқа барған кезде белсенділік танытып, оқып, жаза алады. Мен өзім педагогикалық университетте оқытушымын. Біз бастауыш және орта білім беруге жауаптымыз. Иероглифті насихаттау мен оқытуда жақсы жұмыс жасауымыз керек. Ата-ана әрі мұғалім ретінде сіз иероглифтердің ғылыми қағидаларын көбірек сақтауыңыз, балалармен және студенттермен кез келген уақытта сөйлесуге дайын болуыңыз керек. Ешқашан балалардың құр жаттауына жол бермеңіз. Баладан мектепке барар алдында 2500 иероглиф білуді талап етпеңіз. Балаларды иероглифті жүз рет қайталатып жазғыза берсеңіз, олар жалығып, иероглифті жек көріп кетуі мүмкін. Баланың дені сау болып, балалық шағы жақсы өтсін.

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван профессор! Менің сұрағым: қазіргі кезде негізгі білім беруде, әсіресе төменгі сыныптарда, мысалы, 1–3 сынып балалары дәстүрлі қытай мәдениетін

насихаттау мақсатында 1-сынып оқушыларынан «Шәкірт ережелерін» жаттау талап ете ме? Балалар көне иероглифтерді мүлде білмейді әрі мазмұнын да түсінбейді. Менің ойымша, бұлай жасау біржақтылық деп ойлаймын. Бұл мәселеге қалай қарайсыз?

**Жауап:** Осы сұрақ бойынша өз пікіріммен бөлісуге рұқсат етіңіздер. «Шәкірт ережелері» – балаларға оқуды, тәрбиені үйретіп қана қоймай, ережелерді үйрететін кітап. Біз оны «Балалық шақтың оқулығы» деп атаймыз. Біреу келісер, ал біреу келіспес, мен өз басым «Шәкірт ережесін» жаттау мүлдем қажет емес деп есептеймін және оған әрқашан үзілді-кесілді қарсымын. Біз қазір қандай балаларды тәрбиелеп жатырмыз? Бәрі де заманауи болуы керек. Балалар болашақтың ениісінде. «Шәкірт ережесінде» балалар қалай отыруы, тұруы керек, т.б. қарастырылып, барлығы феодалдық дәуірдің әдептеріне сай келеді. Эстетикалық құндылықтар болсын, мінез-құлық ережелері болсын, әр заманның өз құндылықтары бар. Оның үстіне, сауат ашатын балаларға арналған оқулық ретінде тілі де қазіргі ортақ тіл емес, жазулары да қазіргі заманауи жазу емес. Осы жерде мен сіздерді бірнеше статистикамен таныстырғым келеді: Балалық шақтың сауат ашу кітабы, жай ғана көне оқу кітабы: «Саньцзыцзин (үш таңбаның каноны)», «Байцзясин (жүз отбасының тегі)», «Мыңжылдық (Мың таңбалы мәтін) деп аталады. Үшеуінде де 2708 сөз бар, қайталанбайтын сөз саны – 1462. Қайта-

ланатын сөз статистикасына сәйкес, олардың алғашқы 100 таңбасының 47-сі ғана қазіргі қытай тілінің бастапқы 100 таңбасымен бірдей, ал жартысынан көбі әртүрлі. «Шәкірт ережелерін» де осы саладан бөліп қарауға болмайды. Бұл ескі материалдарды қазіргі сауат ашуға негізгі материал ретінде пайдалану орынсыз екенін байқауға болады. Дәстүрді жалғастыру ескіні қайталау емес. Қайта балалар мен жасөспірімдерге көп уақыт бөліп, әлеуметтік дамуға бейімдеу керек.

## **2-лекция. ӘЛЕМДЕ ҚАЗІРГЕ ДЕЙІН САҚТАЛЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ИДЕОГРАММАЛЫҚ ИЕРОГЛИФТЕР. ҚЫТАЙ ЖАЗУЫНЫҢ СИПАТЫ МЕН ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Осы жазулар қытай иероглифтерімен салыстырғанда қандай мәнге ие? Оның ерекшелігі қандай? Егер бұл қытай иероглифтерін түсіну барысындағы бірінші мәселе болса, бұл сұраққа қалай жауап береміз? Алдымен, бізде теориялық алғышарт болуы керек, яғни жазу тілді жазып алатын таңбалар жүйесі. Бірінші лекцияда белгі тілді хатқа түсірмесе, қанша тамаша, әдемі болса да оны жазу деп атауға болмайтынын айттық. Тілді естелікке алу, тек дыбыс пен мағына болғанда ғана іске асады. Бізде «Жазу – тілді қайта кодтау» деген кәсіби мақал бар. Жазу – ауызекі тілді жазба тілге айналдырып қайта өңдеу деген сөз. Басқаша айтқанда, жазу – тілді жазып алатын қосалқы белгі. Тіл – негізгі орында болса, жазу – қосалқы орында болып, тілмен бірге өмір сүреді. Жазу мен тілдің арақатынасын анықтаған соң, жазудың сипаты-

на баға беру жазу формасының тілмен байланысына баға беру екенін түсінеміз. Жазудың сипатын талдағанда біз ең алдымен осы мәселеге көңіл бөлуіміз керек.

Екінші мәселе, жазудың өзіндік даму тарихы бар. Ол да адам сияқты туылады, өседі, өрбиді, өзгереді. Бірінші лекцияда иероглифтердің өте ұзақ, шамамен бес-алты мың жылдық тарихы бар екенін айттық. Археологиялық қазбалар әлі жалғасуда, иероглифтің пайда болған уақыты одан да ұзақ болуы мүмкін. Ендеше, осыншама ұзақ тарихи даму кезеңімен құбылыстарды, өзгерістерді басынан өткізген қытай иероглифтерінің сипаты өзгерді ме?

Үшінші мәселе, фонетикалық санаттағы иероглифтер қытай жазуының көп бөлігін ұстайды. Фонетикалық санаттағы иероглифтің бір бөлігі – мағына білдіретін мағыналық бөлігі, ал екінші жартысы айтылуын білдіретін фонетикалық бөлігі. Олар күнделікті өмірде кез келген жерде кездеседі. Қысқасы, аты-жөніңізді жазғанда да фонетикалық санаттағы иероглифтер кездесуі мүмкін. «Шуовэнь Цзецзы»-дегі сяочжуань жазуында фонетикалық санаттағы иероглифтер 87%-дан жоғары. Фонетикалық санаттағы иероглифтердің маңыздылығына қарап, кейбіреулер қытай иероглифтері идеограмма емес, мағынасы да, дыбысы да бар фонетикалық жазу деп қарайды. Тіпті мағынасы мен дыбысы бар фонетикалық санаттағы иероглифтік осы жазу бірте-бірте әліппеге айналып келеді. Бұл дұрыс па? Оны қалай түсінуіміз керек? Фонетикалық санаттағы иероглифтер қытай иероглиф-

терінің көп бөлігін қамтитындықтан, ол фонетикалық жазуға айналуы керек дегенді білдіре ме?

Бүгінгі лекция осы үш сұрақ төңірегінде өрбиді. Әйгілі лингвист Соссюр әлем тілдерінің классификациясы туралы керемет классикалық тұжырым жасаған. Лингвист Соссюр дүниежүзіндегі жазуды тілдің дыбыстық немесе мағыналық жағына қарай екі үлкен топқа бөледі. Ол тілде екі түрлі элемент бар: жазу формасы тілдің мағынасына қарай құрастырылса, идеографиялық жазу, ал тіл дыбыстар негізінде құрастырылса, фонетикалық жазу дейді. Бұл классификация өте қызық, өйткені тілде үшінші элемент жоқ. Егер кез келген классификацияда мүмкін болатын аралық күйді алып тастап, семантикалық және фонетикалық конфигурация классификациясын жіктесе, дүниедегі барлық жазу екі түрге бөлінеді. Осы екі түрді мүмкіндігінше жан-жақты қарастыру керек.

Қытай жазуы Соссюр айтқан бірінші топқа жататыны даусыз. Олар – қытай тілінің мағынасына қарай өзіндік форма қалыптастырған типтік идеографиялық жазулар. Әрине, идеограмма дыбыстарды естелікке алмайтынын анық түсінуіміз керек. Жазу тілді жазып алатын таңба болғандықтан, дыбыстың тек мағынаға ғана ие болуы мүмкін емес. Біз қытай иероглифтерінің сипатын тіл дыбыстары емес, қытай жазуының формасына негізделіп бағалаймыз. Иероглиф мағына қалыптастыру ерекшеліктеріне ие болғандықтан, ары қарай жануарлар сүйегіне жазылған көне жазулар жинағын да

қарастырсақ, «себеп пен мағына конфигурациясы» заңын тереңірек түсінеміз.



Басында мүйізі бар  
бұғы



Жалы желкілдеген  
жылқы



Аузын ашқан жолбарыс



Құйрығы қайқиған ит



Ұзын мұрны шығыңқы  
піл



Мүйізі жоғары  
көтерілген сиыр



Басы жоғары қайқиған,  
аяғы мен құйрығы қысқа қоян



Мүйізі төмен қарай  
иілген қой

Мұның барлығы біртұтас пиктографиялық жазулар. Бірінші жазу – «# бұғы». Бұл жазуды тану қиын емес, бірақ қызық сұрақ төңірегінде ойлануымыз керек: Дәл бұғыға ұқсатып жазуды ата-бабаларымыз қалай жасаған, олардың мен-

талитеті қандай болған? Бұл сөз қалай пайда болды? Сүтқоректі жануардың әдетте төрт аяғы, басы және құйрығы болады. Егер бұл фотосурет болса, біз жануарды бір көргеннен танимыз, бірақ оны таңбалағаннан кейін оны анықтау біршама қиынға соғады. Бұл жазу жасау кезінде жануардың ерекшеліктерін көрсетуді талап етеді. Цзягувэнь жазулардағы бұғы деген жазуға қарасаңыз, иректелген ұзын мүйіздер көзге түседі. Сиыр мен қойда да мүйіз бар, бірақ бұтақ тәрізді өте әдемі мүйіз тек бұғыда ғана. Екінші жазудағы «# жолбарыс». Бұл жазуға тігінен қарау керек. Ол жолбарыстың азу тістерін ерекшелеп, жауыздығын, үстемдігін толық көрсетіп тұр. Үшінші жазу – пілдің ұзын мұрнын ерекше әйгілейді. Төртінші жазу қоянның тырбиған аяқтары мен қысқа құйрығын ерекше көрсетеді. Бесінші жазу – «жылқы». Оның қандай ерекшелігін айырықша атап өту керек? Жылқы – жүйрік, шауып, желсе, желкесіндегі жалы желмен бірге желкілдейтін жануар. Бұл жазудағы желкілдеген ат жалы – оны бір қарап тануға мүмкіндік беретін ең ерекше белгісі. Алтыншы жазу – «ит», ал иттің құйрығы қайқиып, оралып тұрады. Егер сіз үйде ит ұстаған болсаңыз, бұл сурет сізге өте жақсы таныс. Соңғы екі жазу – «сиыр» мен «қой». Олардың тек бастары сызылып, мүйіздерімен ерекшеленеді: сиыр мүйізі жоғары, қой мүйізі төмен қарай иілген. Бұл сиыр мен қой бейнелеріне өте сәйкес келеді.

Ең алдымен, жануарларды білдіретін осы сегіз жазудан қандай қағиданы көруге болады? Біз бірінші лекцияда кей-

бір еуропалық жазулар пайда болған кезде жазуды сурет ретінде салу үрдісінен өткенін айттық. Суретті жазу белгілі бір тіл бірлігімен тұрақты түрде біріктірілмегеннен кейін, жазу санатына ие бола алған жоқ, тек қана сурет арқылы ақпарат жеткізуге қолданылады. Бастапқыда ол сурет өнерінің функциясына біршама жақын болды. Сызба неғұрлым егжей-тегжейлі болса, екінші тарапқа соғұрлым көп, дәл ақпарат беріліп, жақсы қарым-қатынас жасай алады. Идеографиялық иероглифтер кескіндеме кезеңінен өткен жоқ. Тым болмаса, қытай иероглифтерінде тұтас бір суреттің, болмағанда бір бөлігін дәлелдейтін археологиялық дәлелдер әлі табылған жоқ. Ертедегі қытай иероглифтерінде жеке бейнелер мен нақышталған белгілер болды, олар физикалық бейнелерге сәйкес тікелей пішінделді. Неліктен бұлай болды? Менің ойымша, бұл қытай тілінің бір буынды сөзіне байланысты болып, бір сөз (морфема) бір мағынаны, бір дыбысты білдірді, сондықтан иероглиф формасы салыстырмалы түрде қарапайым болды. Бұл иероглифтер дыбыстық ақпарат бермейді. Біз тек салынған белгіден оның ерекшелігіне қарап жолбарыс екенін біліп, «hǔ» деп оқып айтамыз. Салынған сызбадан пілдің ұзын мұрнын көріп, піл екеніп түсініп, «xiang» деп дыбыстаймыз. Бұл таңбалардың барлығы – «мағынасы бойынша жасалып» құрастырылған өзіндік пішін.

Екіншіден, бұл белгілер қазірдің өзінде де жазу. Иероглифтер жануарлардың пішініне ұқсағанымен, олар суреттен

гөрі жазуға көбірек келеді. Неге олай дейміз? Иероглиф қытай тілін сипаттап жазу үшін қолданылады. Олар цзягувэнь жазуынан немесе қола ыдыстардағы жазулардан келген және барлығының өз контексті бар. Жазумен тіл дыбыстары жазылғандықтан, ол жазу болуы керек.

Соңында бұл жазулар жетілген символдық жүйеге айналды. Неліктен цзягувэнь жазуы мен темір ыдыстардың ернеуіне жазылған жазулар қазірдің өзінде жетілген жазу жүйесі деп қаралады? Жазудың пісіп-жетілуі оның қанша таңбаға ие болуына байланысты емес, қайта жазулар арасында айқын айырмашылықтар мен корреляциясы бар-жоғына байланысты екенін білуіміз керек. Жазу мен жазу арасындағы айырмашылық өте маңызды. Айырмашылық болғанда ғана сөздерді дұрыс қолдануға болады. Кейбір жазулар қайшу стилінде қатты ерекшеленеді және оларды ажырату қиын. Мысалы: өзіміз дегендегі «## zi ji» «ji» деп, «#### chensiwuwei» «si» деп, «## yǐ jing» «yǐ» деп оқылады, сондықтан мұғалімдер оқушыларға осы иероглифтерді жиі түсіндіреді: «ji» жабылмаған, «si» жабылған, «yǐ» жартылай жабылған деген мағынаны білдіреді. Тек айырмашылығы бар, сәйкестік жоқ әрі таңбалар жүйесін құрай алмайды. Сәйкестік дегеніміз не? Оқуды үйренгенде бәріміз «жазу арқылы сөзді тану» кезеңінен өтеміз. Мысалы, « # » сөзінің сол жағында « # », оң жағында « # », екеуі қосылып, «материал» деген ұғымды білдіреді. «#», «#», «#» деген үш сөз бір-бірімен сәйкесіп, өзара байланысып, бір мағына береді. Сәйкест-

ік дегеніміз – осы. Цзягувэнт жазуы арқылы танылған таңбалардың ішінде бір-бірінен айырмашылығы да, сәйкестігі де бар, иероглифтер жүйесі қалыптасқан. Мұның өзі ұзақ тарихи жинақтау мен ретке келтіруден кейін иероглифтер салыстырмалы түрде жетілгенін көрсетеді. Цзягувэнь жазуларын реттеушілер сол кездегі шежірешілер болса керек. Бірегей пиктографиялық жазулар қарастырғаннан кейін біз қолданыстағы иероглифтердің мағыналарына сәйкес жаңа жазу қалыптастыру үшін мысалдар қарастырайық. Мысал ретінде «Иероглифтер түсіндірмесіндегі» сяочжуаньды алайық. Сяочжуань Циньжуань деп те аталады. Бұл Цинь династиясында Ли Си стандарттаған жазу. Төменде алты сяочжуань жазуына қараңыз:

① 木 杌  
木 尺

② 鹿 麤  
土 土

③ 火 炎  
火 炎

④ 厶 厶  
木 厶  
厶 厶

⑤ 牛 牛  
月 月  
目 目

⑥ 角 角  
角 角  
牛 牛

Бірінші таңбаның сол жағы «#», оны тез тануға болады. Оң жағындағы «#», пішіні – ежелгі замандағы балта бейнесінің төменгі бөлігі. Өткен лекцияда біз бұл сөзді таныстырғанбыз. Егер ағаш пен балта қосылса, балтамен ағашты жарсақ, қандай сөз шығар еді? Сараптау «талдау» мағынасын беретін дыбыстық белгісі жоқ сөз шығады.

Екінші жазу бұғыға топырақты қосып, қандай сөзді жазуға болады? Дәстүрлі жазудағы «# (шаң-тозаң)» сөзінің жеңілдетілген «# (шаң-тозаң)» түрі. Есіңізде болсын, неліктен киік шаңды бейнелеу үшін қолданылады? Бұғы – өте жеңіл жүгіретін талғампаз жануар, сонымен бірге ол топтасып өмір сүріп, көбінесе үйір-үйір болып жүгіреді. Бұғылар – қолға үйретуге болатын үйірсек жануарлар. Олардың өн бойы толған қазына. Адамдар оларды ұстап алғысы-ақ келеді, бірақ олар оңайлықпен жеткізбейді. Олардың жерге қалқып барып тиген тұяғынан шыққан шаң басқа қолға үйретуге көнбейтін жыртқыш аңдар қасқыр мен аюдың ауыр тұяғынан әлдеқайда жеңіл болғандықтан, шыққан шаң да баяу көтеріледі. Міне, осыған байланысты «#» иероглифінің жеңілдетілген нұсқасы «# (шаң-тозаң)». Сяочжуандағы «#» штрихтары тым ауыр. Егер балаға көлденең және тік сызық квадратының ортасынан үш бұғыға қосып бір топырақ иероглифін жаз десек, біртүрлі болар еді. Ал жеңілдетілген иероглифтерді жазу әдісі өте оңай. Мысалы: # мен # қосылып, «#

(шаң-тозаң)» болып оқылады.

Үшінші жазуға қарасақ, жоғарғы жағы «# үлкен», төменгі жағы « # от» қосылып, Сяочжуаньдағы «# қызыл». Қызыл – жалынның түсі, ал ежелгі Қытайдағы қызыл түс – от қатты жанған кездегі жалынның түсі, сондықтан «#» сөзі мен «#» от дегенді білдірді. Кейін ондағы « # » сөзінің штрихтары түзетіліп, шеңберге доғаланып, қазіргі формаға келді.

Сіз төртінші жазумен таныс емес шығарсыз. Ол үш иероглифтен тұрады: Біріншісі – « # зауыт», келесі иероглифті де «# зауыт» деп ойлауыңыз мүмкін, бірақ бұл екі иероглиф Сяочжуаньда «hǎn» деп айтылады. Бұл – құзар, тік, яғни өзен жағасындағы жартастардың бейнесі. Жартас астындағы екі таңбаны танимыз. Олар көшет «#», яғни біркелкі өсетін дақылдар. Төменде ше? Тоқтауды білдіретін «#» – адамның аяғы. Осы төрт жазу бөліктерге бөлінсе немесе біріктірсе, қандай жазуды құрайды? Қытайдың дәстүрлі жазуы «# (#)» иероглифі неліктен төрт иероглифтен тұрады? Қытайдың жер бедері бойынша екі таудың арасында өзен болса, өзен бар жерде жартас та бар деген мағынада. Судың жағасында дақылдарды өсіруге болады. Ежелгі адамдардың түсінігінде дақылдар біркелкі өсіп, жабайы шөптерден ерекшеленеді деп қарайды. Суы бар жардың маңайы егіс алқаптары ретінде егінге толы болғандықтан, бұл жерден бір аяқпен өту қиынсыз жағдай. Ал ол жерден қалай өтеміз? Ол жерден біртіндеп кезең-кезеңімен өту – практика, ал тарихта жылдан-жылға, айдан-айға, күннен-күнге бірқалыпты өтіп жатады. Бұдан

ата-бабаларымыздың даналығын, « # » иероглифінің қаншалықты ғылыми тұрғыдан жасалғанын<sup>3</sup> көре аламыз.

Бесінші жазу – күрішті ақтау дегендегі «# chōng». Жоғарыдағы бірінші таңба – мезгілді білдіретін «#», бұл форма – «# chǔ» үшін бастапқы белгі. Төменде «# алу» бір қол сол жақта, бір қол оң жақта, екі қол бір-біріне қарама-қарсы тұр. Бұл таңба Сяочжуаньда «gǒng» деп оқылады. Екі қолын қусырып, тағы «алу» мағынасын білдірсе, екі қол заттарды ұстап, тағы да «# алу» деген мәнде. Бұл жазу кайшу стилінде бір көлденең екі нүктеге немесе бір көлденең екі тік сызыққа айналған. Осы жөнінде екі мысал келтірейік. Солдаттың «#»-нің үстіңгі жағында «#» бар, ол – солдаттың қолындағы қару, ал төменгі жағында екі қолына қару ұстап тұр. Тағы «#» бар. «#» қолдағы нефритпен ойнау дегенді білдіреді. Иероглифтің жоғары жағы нефрит тас, астыңғы жағында екі қол бар. Бұл құрылымдардың барлығы «#» жазуының нұсқалары. Ол қазіргі қытай иероглифтеріне жеке қолданылмайды, бірақ басқа глифтерді қалыптастыру үшін қолданылады. «#» дың астында «#» күрішті елеу үшін қолданылатын ыдыс бар, бұл Гуансиде осы күнге дейін қолданылады. Осы үш сөздің бірігуінен дәл күріш ақтаудың бейнесі екенін көре-

---

<sup>3</sup> «#» сөзіне қатысты айта кететін бір жайт: сөз ретінде мағына бермейтін бөліктерді азайту үшін «Иероглифке түсініктеме» кейбір бөліктерге жеке қолдануға болмайтын айтылымдарды да қосады. Осылайша «Ли» сөзі дыбысқа ие болып, пиктофонетикалық сипатқа айналады. Бірақ бұл сөздің жасалу жолына қарай мағыналары мен мәдени коннотациялары бар болғандықтан, сөзжасамда талданады.

міз: екі қол күрішті қағып, елекке салып елеп жатыр, бұл өте әсерлі.

Алдыңғы лекцияда айтқан соңғы жазуымыз – «#», яғни сиырдың мүйізін пышақпен кесу. Осы алты иероглифті түсіндіргеннен кейін, біздің иероглифтердің идеографиялық жазу екеніне одан әрі көзіміз жетті. Олар мағынаға негізделген жазу жасады, яғни бар таңбаларды мағынасына қарай біріктіріп, жаңа иероглифтер жасады. Қытай иероглифтерін бастапқы жинақтау кезеңінде бұрынғы адамдар мағынаға өте сақтықпен қарады. Мағынаға үлкен мән беру, оны мұқият түсіну Қытай мәдениетінің өте маңызды қасиеті деп айтуға болады.

Қытай иероглифтерінің идеографиялық сипаты шексіз. Қытай иероглифтерінің дамуын екі үлкен кезеңге бөлуге болады: бірінші кезең «көне иероглифтер» деп аталады. Ол көне иероглиф бағытымен жасалған жазулар. Сяочжуань – Цинь әулетіндегі стандартталған жазу жүйесі және ежелгі жазудың соңғы кезеңі. Цинь династиясында шағын мөр жазуы ғана емес, ресми жазу ретінде танымал болған. Сяочжуаньнан кейін иероглифтер өзгерістерге ұшырап, кейін лишу жазуы мен кайшу жазуы пайда болды. Бұл – қытай жазуының екінші кезеңі, яғни «қазіргі иероглифтер». Қазіргі иероглифтер сызықтар арқылы жазылады. Сызықтар жарыққа шығып қалыптасқаннан кейін иероглифтердің пішіндерін сақтау қиынға соқты, өйткені дөңгелек сызықтар арқылы пішінін келтіретін иероглифтер де бар. Алайда иероглиф-

тер әлі де идеографиялар ма деген сұрақ болса, біз еш ойланбастан «иә» деп жауап береміз. Жазудың қазіргі кезеңінде де біз иероглифтердің құрылымынан мағыналық конфигурация сипаттамаларын көре аламыз. Қазіргі жазудан көне жазуға дейін иероглифтер құрайтын компоненттер тек мағынаның графикалық таңбалары ғана емес, компоненттердің бірігу себебі де олардың мағынасында жатыр. Сяочжуань, лишу, кайшу, әсіресе қазіргі кайшу жазуының бәрі де бір бастадан шыққан. Көне жазудан қазіргі жазуға дейін даму немесе зерттеу болсын, әйтеуір қытай иероглифі идеографиялық сипатын өзгерткен жоқ.

«Қытай иероглифтерінің идеографиялық сипаты және иероглиф неге шаршы таңбалар?» деген сұраққа жауап:

Қытай иероглифтері ағылшын тілінен ерекшеленеді. Ағылшын тілі әріптері сызықтық сипатпен орналасады, ал қытай иероглифтері екі өлшемді кеңістікте жазылады. Иероглифтердің бұл қасиеті оның сипатынан айырылмайды. Идеографиялық жазу әуел бастан мағынасы бойынша құрылымдалған. Ол нысанның бейнесіне еліктеп, объект кескіндерінен белгілер бойынша жинақтаған. Жолбарыс болсын, қоян болсын, барлығында дене, пішін, көлем бар. Егер сіз осы нысандарды жоспарлағыңыз келсе, осылардан болмағанда екі белгі аласыз. Сондықтан жазу қалай дамыса да, алған екі өлшем сақталып, шаршыға ұқсап шыға келеді.

Шаршы таңбалар қытай иероглифтерінің артықшылығы деп есептеледі. Олар екі өлшемді квадраттар болғандықтан,

таңбалар арасындағы айырмашылықты көрсетудің көптеген тәсілдері бар. Алдымен, мысал келтірейік:



Жоғарыда көрсетілген сол жақтағы үш таңба сяочжунь жазуымен, оң жақтағы үшеуі кайшу жазуымен жазылған. Екі қаріптің құрылымы бірдей, екеуі де «#» мен «#»-дан құралғанын көруге болады. «#» – күн. Бірақ күннің орналасқан орны әртүрлі болғандықтан, құралған иероглифтің беретін мағыналары да әртүрлі. Күн ағаштың ортасында тұрса, яғни дәстүрлі қытай жазуындағы « # шығыс». Ежелгі адамдар шығысты бейнелеу үшін орманнан шыққан күн бейнесін қолданған. «#» ағаштың «#» үстіңгі жағына қойылса, бұл – жоғары көтерілген күн «#», яғни күн шыққаннан кейінгі шексіз жарықты білдіреді. «#» астына қойылған күн «#» тұман себебінен « # » анық көрінбеу мағынасында. Шаршы жазулардың екі өлшемі аясында қытай иероглифтерінің компоненттері салыстырмалы түрде орындары өзгеру арқылы әртүрлі мағыналар беріп, негізгі айырмашылық көрсететінін көрдік. Сонымен қатар сызықтар мен құрылымын салыстырғанда шұбалаңқы ұзақ жазу да азаяды. Бірік-

кен Ұлттар Ұйымындағы алты тілдегі құжаттардың ішінде қытай иероглифімен жазылған мәтін әрқашан көлемі ең азы дейді. Бұл – осы құрылымның артықшылығы.

Әрі қарай біз өте маңызды сұрақты талқылаймыз. Қытай иероглифтерінің сипаты туралы айтқанда, адамдар шатастырып алатын сұрақ: фонетикалық санаттағы иероглифтер идеограмма болып санала ма?

Қытай жазуында фонетикалық санаттағы иероглифтер өте маңызды. Фонетикалық санаттағы иероглифтер – қытай жазуының даму тенденциясы. Цзягувэнь жазуларында фонетикалық санаттағы иероглифтер шамамен 23%. Сяочжуань мен Лишудың Цинь жазбасында фонетикалық санаттағы иероглифтер шамамен 87%. Қазіргі қытай иероглифтерінің ішінде біз қолданып жүрген қазіргі тұрақты жазу немесе көне кітаптарды басып шығаруда қолданылатын дәстүрлі иероглифтер болсын, фонетикалық санаттағы иероглифтер 90%-ға жуықтайды.

Фонетикалық санаттағы иероглифтердің жартысы – мағыналық таңба, жартысы – дыбыстық таңба. Олардың көптігі сол, кейбір мамандар қытай иероглифтерін логограмма деп айтады. Фонетикалық санаттағы иероглифтер мәселесін қанша ескерсек те, қытай иероглифтері логограмма емес, идеографиялық жазу деп қаралады.

Неге бұлай дейміз? Сіз білесіз бе, біз жазудың сипатын бағалағанда, оны сөзбе-сөз қарастырмай, конфигурация жүйесін талдауымыз керек. Біз фонетикалық санаттағы

иероглифтерді жартылай дыбыстық, жартылай мағыналық деп сезінеміз. Дегенмен фонетикалық санаттағы иероглифтердің жасалу процесіне зер салсаңыз, олардың шын мәнінде идеографиялық жазу жүйесі екенін түсінесіз. Негізінде фонетикалық санаттағы иероглифтер де мағына арқылы жасалады. Тіпті оның фонетикалық белгілері қытай тілін хатқа түсіретін концептуалды құрылымдар. Дыбыс болған кезде ғана дыбыс пен иероглифті ажыратушы фактор ретінде пайдалануға болады. Әрі қарай біз сіздерге фонетикалық санаттағы иероглифтердің үш тарихи кезеңін таныстырамыз: күшейтілген фонетикалық санаттағы иероглифтер, сараланған фонетикалық санаттағы иероглифтер және жалпыланған фонетикалық санаттағы иероглифтер.

Күшейтілген фонетикалық санаттағы иероглифтерге үш мысал көрсетейік:



Бірінші иероглиф – жұлдыз «#». Цзягувэнь жазбаларында жұлдыздардың төбесіне үш шеңбер қолданылады, жалпы жұлдыздың белгісін күн мен ай фазаларынан ажырату керек: күн – дөңгелек, ай – имиген сопақ, ал жұлдыздар көп бо-

луымен сипатталады, сондықтан оларды бейнелеу үшін үш шеңбер сызылады. Бірақ мәселе мынада: үш шеңбер тым көп нәрсені, соның ішінде үш тасты, үш жемісті, үш жұдырықты да бейнелей алады... Бұл тек қана жұлдыз болуы керек деп кім айтты? Осы жағдайдан кейін оны басқа заттардан ажырату үшін ежелгі адамдар иероглифтің астына «#»-ның дыбыс белгісін қосқан. Көне тілде «#» мен «#» дыбысталуы айтарлықтай жақын. «#»-ның дыбысталуын күшейтіп, дөңгелек нысандарды ажыратуға және мағынасын жеңілдетуге мүмкіндік берген. Сяочжуань жазуында жұлдыз әлі күнге дейін үш күн. Кейінірек ол бір күнге азайтылып жеңілдетілді, бірақ ешбір қателік туындаған жоқ. Мұның барлығы «#»-ның дыбыстық белгілеу функциясына байланысты болды.

Екінші иероглиф – «## феникс», бұл дәстүрлі қытай жазуында «# феникс» деп жазылады. Феникс – ежелгі киелі құс. Ол қазіргі біздің тауысқа ұқсайды, басында тәжі, әдемі ұзын құйрығы бар. Десе де, феникстің басқа құстардан айырмашылығын айту оңай емес. Сондықтан ежелгі адамдар сөздің айтылуын белгілеу үшін феникске «#»-ның дыбыс белгісін қосқан. Кейінгі иероглиф «#»-ға дыбыстық белгісі «#»-ды қосып, мағыналық таңба «құс» болған. Оның феникске ұқсайтыны немесе ұқсамайтыны баяғыда-ақ маңызын жойған. Үшінші иероглиф – тауық. Айтқанымыздай, ол алғашында «#» тауық пішінінде сызылған, кейін оның жанына «# хі» дыбыс белгісі қосылған.

Бұл үш иероглифке тәуелді ортақ сипат: олар бастапқыда

айқын суреттік кескіндері бар фонетикалық санаттағы иероглифтер болды. Дегенмен қытай иероглифтері сурет кескіндемесі емес, белгі жазу, біртіндеп жеңілдетілгеннен кейін фонетикалық санаттағы иероглифтер бірден әлсіреп, ажырату ықтималдығы азайды. Сондықтан фонетикалық санаттағы иероглифтерді күшейту мақсатында дыбыстық белгілерді қосу арқылы бастапқы фонетикалық санаттағы иероглифтер бірден идеограммаға айналады. Қосылған белгі ақпаратты білдірмейтіндіктен және иероглифтердің идеографиялық сипаттамаларына сәйкес келмейтіндіктен, бұл жазудың жасау үлгісі көп ұзамай өнімділігін жоғалтып, иероглифтерді қалыптастыру үшін қолданылған жоқ.

Фонетикалық санаттағы иероглифтер күшейтуде тағы бір құбылыс бар. Тағы екі сөзді қарастырайық:



Бірінші иероглиф – Шу патшалығынан шыққан «# шу». Ертеде Сычуань аймағы Шу деп аталған. Неге олай? Шу патшалығында жібек құрттарын өсірудің білгір Канцун деген маман болған және «#» сөзі бастапқыда жібек құртының

пиктограммасынан шыққан. Үстіңгі бөлігі жәндіктердің басына ұқсап, ал төменгі бөлігі бунақ денелер. Дегенмен бұл иероглифтердің сипаты әлі де күшті емес, сондықтан оның мағынасын күшейту үшін бунақтарға тағы бір иероглиф «# құрт» қосылған.

Екінші иероглиф – тілеу өткізу, тасаттық беру, құрбан шалу мағынасындағы «#». Иероглифтің ең алғашқы формасы – қол, құрбандық шалу үшін малды бауыздап, қан шығару. Ертеде қан шығару әдісі арқылы құрбандық берген. Бұл жазу осы ритуалдық рәсімді бейнелеген. Бірақ кейінірек әлі де мағынасы жеткіліксіз екенін сезініп, құрбан шалу жазуына «# ши»-ды қосты, бұл қосымша ақпарат берді.

Семантикалық ақпаратты көтеру құбылысы да «күшейтілген фонетикалық санаттағы иероглифтерге» жатады. Күшейтілген фонетикалық санаттағы иероглифтер екі жұптан тұрмайды, керісінше бір таңбаны негіз етіп, мағыналық белгілерді қосу арқылы жасалады. Оның негізгі тұлғасы бар, бастапқы мағынасын фонетикалық санаттағы иероглифтер білдіреді. Кейін пішіндер қосылып, дыбыс таңбасына айналады. Бұл түрдегі фонетикалық санаттағы иероглифтер мағынаны арттырып, идеографиялық сипаттағы иероглифтердің құрылымдық ерекшелігін көбірек дамытады.

Сараланған фонетикалық санаттағы иероглифтерге қарасақ, кейбір фонетикалық санаттағы иероглифтер қытай иероглифтерінің саралануының нәтижесі. Ол үш түрді қамтиды:

采	——	采摘	——	採摘	……	採
采	——	色采	——	色彩	……	彩
采	——	理采	——	理睬	……	睬

«# Cai»-дің төбесінде тырнақ, астында ағаш бар. Бұл иероглиф ағаштан жеміс теріп жатқан қолдың бейнесін білдіреді. Иероглифтің конфигурация жүйесінде бірдей заттар жазу формасында әртүрлі позицияларда пайда болып, жазылу тәртібі басқаша жазылған: жоғарыда жазылған қол мен тырнақ « # , # »-дың астыңғы жағында «#,# салу, найза» немесе тұтас қол «#,# ұстау, ысқылау» деп жазылған, екі жағындағы тұтас қол «# аршу, сындыру» мағынасын білдірген. Сол жақта жазылған тұтқа «#,# соғу, ілу»-ден «#, # қарау, табыну» иероглифтері туындаған. Жазу әдістерін үздіксіз жетілдіру арқылы қаріптер түрленіп, әдемілене түскен. «# жинау» түпкі мағынасы – қолмен теру. Кейін адамдар «#» қолдану арқылы түсті білдіретін «#» иероглифін жасады. Бұл түс, реңмен қалай байланысты болады? Бұл – қиын шаруа. Кейде сөздерді қолдану барысында екеуі еріксіз ара-

ласып кетеді. Жеміс теру ме? Әлде әртүрлі түс пе? Осыны түсіне алмаймын. Сондықтан өрнек, бедер деген мағынаны білдіру үшін «#»-дың жанына «#» кілті қосылады. «Cai» деген сөзге қолдың қимылын білдіретін тұтқа қосылып, екі сөз толығымен ажыратылды. Кейін тағы «# (көз қырын салу)» сөзі жасалып, оған «сәі» дыбысын белгілеп, мағыналық ақпарат ретінде «#» кілтін қосты. Қытай иероглифтерінен тағы басқа мағына беретін сөздер жасаған кезде оның дыбысы алынады. Бірақ иероглифтер идеографиялық жүйе болғандықтан, бұл әдіс әрқашан орынсыз болып көрінеді, сондықтан қабылданған сөздерге айқын мағына беру үшін семантикалық ақпарат қосылады.

Тағы бір мысал қарастырсақ: «#». Бұл таңба ертеде өте жиі қолданылған. Алдымен, оның ежелгі формасына назар аударайық:



(Цзягувэнь)



(Шан кезіндегі  
цзиньвэнь)



(Чжаньго  
цзиньвэнь)



(Цзягувэнь)



(Батыс Чжоу  
цзиньвэнь)



(Чжаньго  
цзиньвэнь)



(Цинь  
Лишу)



(Сяочжуань)

Ежелгі жазуда оның екі түрлі формасы бар. Бірінші форма – (жоғарыдағы бірінші жол) оң жағында өлім жазасын атқару құралы қылыш, сол жағында жазалайтын адам тұр. Екінші форма (жоғарыдағы екінші жол) бірінші формадағы иероглифтің ортасында «#» ауыздың пішіні қосылған. Кейбіреулер оны сәндік үшін қойылған таңба деп ойлауы мүмкін. «Шуовэнь Цзецзы» жазбасында бұл форма жинақталып, «игіліктенуші» мағынасында түсіндіріледі. Жалпы қай форма болмасын, оның бастапқы мағынасын қылмыспен байланысты деп түсінуге болады. Ежелгі әдебиетте «# рi» дыбысы әртүрлі мағыналарды білдіру үшін қолданылған. Қашықтықты білдіретін «# рi» сөзі, тәмсіл мағынасын білдіретін «# рi» сөзі, Чжао патшалығын сақтау мақсатында гауһартасты

қайтару «# bì» сөзі, бойды аулаққа салу «# bì» сөзі, әуес, құмар болу «#» сөзі, осылай жаза беруге болады, яғни бір сөз көп мақсатта қолданылады және оны ажырату оңай емес. Егер тілдік аямыз тар болса, «#» қашықтық, тәмсіл, гауһартас, бойды аулаққа салу, құмарлық деген осынша көп мағыналарды білдірер ме еді, білмеймін... Мағынаны бір-бірінен ажырату үшін әрбіреуіне бірбірден мағыналық белгілер қосылып, ол біртіндеп жұртқа жалпыласқан. Қашықтықты білдіретін « # pì» сөзіне жәнцзыпан, тәмсіл мағынасын білдіретін « # rì»-ге яныцзыпан, Чжао патшалығын сақтау мақсатында гауһартасты қайтару «# bì»-ге юйзыпан, бойды аулаққа салу « # bì»-ге цзоуцзыди, әуес, құмар болу « # » бинцзытоу сияқты кілттер қосылған. Әртүрлі тарихи кезеңдерде «#»-дің мағыналары сараланып, сәйкесінше «# pì», «# rì», «# bì», «# bì», «# pǐ» иероглифтері жасалды:

辟	——	偏僻	——	偏僻	……	僻
辟	——	辟喻	——	譬喻	……	譬
辟	——	辟环	——	璧环	……	璧
辟	——	躲辟	——	躲避	……	避
辟	——	辟好	——	癖好	……	癖

Фонетикалық санаттағы иероглифтердің дыбыстық белгісі кездейсоқ біріктірілмейді, қайта мағыналық белгілер қосылғаннан кейін барып, бастапқы белгілерден өзгеріп қалыптасады. Басқаша айтқанда, иероглифтер үздіксіз даму, мағыналық ақпарат қосу процесінде фонетикалық санаттағы иероглифтердің саны үздіксіз өсті.

1. Кең мағынада жіктелу. Екі мысалды қарастырайық:

介	——	界、	介
和	——	盃、	龕

«# jìè » ара, орта, кіріспе және таныстыру, делдал болу мағынасына ие, сондықтан ол ортаны, аралықты білдіреді. «#» төбесіне «#» қойсақ, «#» шекара, шек, ірге, шет, жиек, аумақ, өріс, көлем деген мағына шығады. Тағы цзяосыпан кілтін иероглифтің жанына қойған «# jì» шаш түю дегендегі «түю» мағынасын және қытайдың ерте заманғы киімдеріне тігілген түймелерді түймелеу деген мағыналарды білдіреді. «#»-нің беретін мағынасы өте кең. Әртүрлі мағыналық компоненттер қосылғаннан кейін «#» мен «#» мағынасы нақтылана түскенін көреміз.

«#» әдетте бейбітшілік пен келісімді білдіреді. Ол мағыналық компоненттерді өзгерту арқылы бөлшектенген. «#» «#»-ге өзгеріп, «#» пайда болған, бұл – ежелгі шарап құйып араластыратын сирақты шәйнек. «#» «#»-ге өзгеріп, «# гармония» құрайды, гармония яғни музыкалық дыбыстардың үндестігі. Бұл фонетикалық санаттағы иероглифтер мағыналық белгілерді өзіне қосып, өзгергеннен түрленген.

2. Мағынасы бойынша жіктелу:

止——趾、址

窄——榨

化——讹

« # » бастапқы мағынасы « # » аяқты білдірген. Цзягу-вэнь жазуларында бұл таңба аяқтың пиктограммасы. Аяқ – тұрақты тұратын тірек, ал «тоқтату» бір орыннан қозғалып барып тұру. Аяқ пен тоқтау мағыналарын ажырату қиындау, сондықтан «аяқ» сөзіне цзуцзыпан қосылып, «саусақ, бақай» болып өзгерді. Кейін «аяқ» мағынасын анықтайтын түпнұсқа иероглиф болды. Әсілі, бастапқы сөз тұру, аялдау мағынасын білдірген. Оның жанына туцзыпан « # » қосылып, мекенжай, орын деген мағынада. Қытай иероглифтерінің даму үдерісінде иероглифпен жазылған сөздер жаңа мағына тудырғанда, көбінесе белгі пішіндерін ажырату үшін мағына жасау ережелерінің әсерінен қосылып немесе өзгертіліп отырады. Мұндай құбылыстар өте көп. Мысалы, «#» тар, кішкене кеңістікті білдіреді. Егер затты үстінен таспен бассаңыз, оның көлемі кішірейе береді. Сондықтан қыш ыдысқа салып, үстін ауыр затпен басып маринадталған тамақты «##» деп атайды. Яғни, «#» сөзінің жанына муцзыпан кілтін қо-

сып, «#» сөзін тудырған. Тағы «#» сияқты өте қызықты саралау құбылыстары да бар. Сяоцжуанда тік тұрған адам және төңкерілген адам бар. Адам мағынасын білдіретін иероглифті төңкеріп жіберсе, өзгеріс деген мағына шыға келеді. Егер «#»-ның алдына яныцзыпан қоссаңыз, «#» сес көрсету, құқай көрсету деген мағына шығады. Әсілі, «#» қате, дұрыс емес деген мағыналарды білдіреді. Өзгеріс сөзі қалайша қате деген ұғымға айналуы мүмкін? Шын мәнінде, бұл Қытай халқының өте дәстүрлі құндылық тұжырымдамасын көрсетеді, яғни табиғат бәрінен мықты, ол тым көп өзгеріске ұшыраса, өзінің ерекшелігінен алшақтап, дұрыс емес өзгеріске тап болады деген көзқарас.

Соңында біз жалпыланған фонетикалық санаттағы иероглифтерді қарастырамыз. Мысалдар жинағы төменде:

甲骨文									
金文									
小篆									
释文	祭	祀	福	祖	祠	祝	社	祈	礼

Бұлардың барлығы – тасаттық беру, құрбан шалуға қатысты таңбалар. Бірінші жол – цзчгувэнь жазулары, екінші жол – қола жазулары, үшіншісі – сяочжуань жазуы. Алды-

мен, осы көне тоғыз иероглифті қарастырайық: бірінші белгі – құрбандық шалу «#», екіншісі – «#», үшіншісі – «#» . Бұрынғылар «#» құдай жарылқау деп есептеген. Сондықтан ол құрбандық шалумен қатысты. Төменде « # » – ата-баба, ата-бабаға арнап тасаттық беретін тауапхана «#». «#» құттықтау, «#» киелі жер деген мағынаны білдіреді. Ертеде жер құдайына табынып, тілек тілеп, «#» мен «#» дұға жасау.

Біз « # »-ның фонетикалық санаттағы иероглиф ретіндегі формасынан оның әлі толық қалыптаспаған цзягувэнь жазбалары екенін көрдік. Сонымен қатар «#»-ға бағынатын және бағынбайтын « # »-ның екі түрлі формасынан басқа «#» мен «#» деген екі таңбада ғана «#» компоненті бар, #, #, #, #-ларда «#» компоненті жоқ. Қазіргі жазу бойынша шибупаньдар бірте-бірте жүйеге келіп, сяочжуаньдағы шибупаньдар одан әрі жетілдірілді. #, #, #, # сияқты құрбандық шалуға қатысты иероглифтер жаңа мағыналармен толықтырылды. Бұл жалпылау процесі – өздігінен ұйымдастырылатын құбылыс. Оны адамдар реттемей-ақ мағынаны білдіру заңдылықтары арқылы табиғи насихаттаудан шыққан.

Фонетикалық санаттағы иероглифтердің үш қайнар көзі мен түрін түсінгеннен кейін біз фонетикалық санаттағы иероглифтердің мағыналық белгілер мен дыбыстық белгілердің қарапайым тіркесуі емес екенін көрдік. Бастапқыда оның орнында сөз болды. Идеографиялық ақпараты бай және түсінікті болу үшін оның мағынасын білдіретін белгі қосылып, бастапқы пішіні дыбыстық белгіге айналды. Фо-

нетикалық санаттағы иероглифтер жаңа таңбаларды шығару мақсатында мағыналық ақпаратты үнемі қосып және жаңа сөздерді саралау динамикалық процесінде жасалып, одан ары дамыды. Осы тұрғыдан алғанда фонетикалық санаттағы иероглифтер логограмма емес, идеограммалар. Бұл – идеографиялық жазу жүйесіндегі иероглифтер құрылымының ең маңызды және жан-жақты түрі. Фонетикалық санаттағы иероглифтердің пайда болуымен кез келген таңба құраушы идеографиялық символ әрі мағыналық, әрі фонетикалық қызмет атқара алады. Мысал ретінде «#» ауыз сөзін алайық. Жеу, ішу, жырлау, ән айту, айқайлау, шақыру сияқты көп қолданатын сөздер және ауызға қатысты сөздердің барлығы осы «#»-дан туындаған. Сонымен бірге оны дыбыстық белгі ретінде де қолдануға болады. Сұрастыру, түймелеу дегендегі дыбыстардың барлығы «#»-дан алынған. «#» сөзінің қос таңба жасау функциясы бар. Сондықтан қытай иероглифтері ықшамды, өміршеңдігі күшті бір таңбамен көп мағынаны білдіреді.

Фонетикалық санаттағы иероглифт бөліктерінің ішінде пішіндік таңбалар, мағыналық немесе фонетикалық белгілер болсын, олардың барлығы мағына арқылы қалыптасқан. Фонетикалық санаттағы иероглифтер – дыбыстық белгілері пиньинь жазуының фонограммасынан өзгеше. ABCD деген белгілердің дыбыстары бар, мағынасы жоқ. Әріптер дыбысты жаза алады, бірақ мағына білдіре алмайды. Ағылшын тілін түсінбейтін адамдар ағылшынша сөздер-

ді оқи алады, әріпті жаза алады, бірақ мағынасын түсіне алмайды. Фонетикалық санаттағы иероглифтер дыбыстық белгілері өз кезегінде көптеген дыбыстық белгілерден түрленіп, идеографиялық символға айналғандықтан, дәл дұрыс айтылмайды. Күнделікті өмірде «сөздің жартысын айтып, жартысын айтатындарға» жиі күлеміз. Дыбыссыз дыбыс пен дыбысталу арасында сәйкессіздік құбылысы неліктен орын алады? Фонетикалық санаттағы иероглифтер алғаш жасалғанда дауыссыз дыбыстар мен тұтас сөздің айтылуы негізінен бірдей болған. Алайда ежелгі және қазіргі дыбыстардың айтылудағы айырмашылықтары, солтүстік өңір мен оңтүстік өңір тұрғындарының дауыссыз дыбыстар мен тұтас сөздерді айтылу ерекшелігіне байланысты болған. Сонымен дауыссыз дыбыстардың қызметі қандай? Бұл – таңбаларды бір-бірінен ажырататын элемент. Мысал ретінде «##»-ды алайық. Қытай тіліндегі «#» муцзыпанмен жасалатын көптеген иероглифтер бар, бірақ олардың дауыссыз дыбыстары әртүрлі, сондықтан бұларды ажыратуға болады. Қорыта айтқанда, фонетикалық санаттағы иероглифтердің сөзжасам бөліктері идеограммалар, олар – иероглифтердің мағыналық ақпаратын арттыру үшін жасалған қалыптасу үлгісі. Олар жасалғаннан кейін фонетикалық санаттағы иероглифтердің қызметі жүйелі сипатқа ие болды. Бұл, әрине, идеографиялық жазудың бір түрі, бірақ фонетикалық жазу емес.

Қытай жазуының сипатымен танысқаннан кейін біз иероглифтердің ерекшеліктерін қорытындылаймыз: біріншіден,

қытай жазуы идеографиялық жазу. Екіншіден, қытай жазуы – буындық жазулар, яғни бір иероглиф бір буын, бір мағынаны білдіреді. Үшіншіден, қытай жазуы – көне заманнан бүгінге дейін үзіліссіз сақталып, қолданылып келе жатқан жазу әрі екі бөліктен тұратын шаршы таңбалар. Сонымен қытай жазуының бұл сипатын қалай анықтаймыз?

Ең алдымен, иероглиф қытай тілін жазып алу қажетіне байланысты жасалып, дамыды. Қытай тілінің ерекшеліктері қытай иероглифінің ерекшелігін анықтайды. Қытай тілі – мағынаға мән беретін түбір тіл. Қытай таңбаларының екі өлшемді конфигурациясы негізінен форма және мағына, бұл қытай тілінің сөздік қорына өте пайдалы.

Екіншіден, қытай жазуының қайнар көзі – ерте заманнан бастау алған иероглиф, қытай ұлтының өз туған жерінде жасаған және қытай ұлтының ұзақ тарихы мен мәдениетінің жауһары. Иероглиф жазу тасымалдаушысы ретінде үнемі жетіліп, үздіксіз дамып отырды. Ол өзі елеулі өзгерістерсіз, үздіксіз байытылып, толассыз алға ілгеріледі. Мысалы, мағына «#» дегенде төбесінде дыбыс тұр да, төменгі жағында жүрек бар. Егер біз екі өлшемді құрылымнан бас тартсақ, әрбір сызық пен құрамдас бөлікті бөліп алып, оларды ағылшын тіліндегідей әліпби түрде орналастырсақ, біз оны тани аламыз ба? Екі бөліктен тұратын қытай иероглифтері – құрылымы ықшамды, сөзжасамның тиімді үлгісі. Ол қытай халқының мәдени психологиясына түбегейлі енген. Иероглифтің өзіндік төл сипатына байланысты екі бөліктен

құралған идеограммада терең мәдени коннотациялар бар. Төменде қызық мысал: «#» және «#». Неліктен жалғыз өзі дегендегі «жалғыз» сөзі итпен, ал «топ» деген сөз қоймен байланысты? Мал бағудың жайкүйін ойлап көріңізші, қойды табындап бақса, ит шопанға еріп жеке жүреді. Қытай иероглифі – Қытай тарихы мен мәдениетінің тасымалдаушысы. Бұл туралы кейінірек түсіндіреміз. Бір сөзбен айтқанда, иероглифтер қытай тілінің ерекшеліктеріне сәйкес келеді, олар пайда болғаннан бастап қытай ұлтының тамыры тереңге жайылған тарихы мен мәдениетін асқақтатып жүр. Қытай иероглифтерінің ерекшеліктері, міне, осылай пайда болған.

Ақырында, біз бір сұрақ туралы ойлауымыз керек: неге қытай иероглифтері әлі күнге дейін үзіліссіз жалғасып келеді? Менің ойымша, төрт себебі бар: ең алдымен, қытай иероглифтері қытай мәдениетінің тасымалдаушысы ретінде барлық этностарды біріктіріп, салтдәстүрін сақтап, бүгінгі күнге дейін жеткізді. Қытай иероглифімен ханзулар жазады, бірақ этникалық азшылықтар да қолданады.

Юань династиясы мен Цин әулетінің билеушілері хань ұлтынан емес еді, бірақ олардың барлығы қытай иероглифтерін өте жақсы сақтады. Тіпті Вэй, Цзинь, Оңтүстік және Солтүстік әулеттер кезінде шекарадағы көптеген этникалық азшылықтар да қытай иероглифтеріне үлес қосты. Менің ойымша, бұл иероглифтің одан әрі гүлденуінің бірінші себебі.

Екіншіден, тасымалдаушының ебедейсіздігі көптеген көне жазулардың жоғалып кетуіне тікелей себеп болды. Тасы-

малдаушы дегеніміз – жазу жазылған зат. Біз сіздерді ертедегі қасиетті кітаптың жазылуы және Шумер сына жазуымен таныстырдық. Олардың барлығы үлкен сазбалшықтарға жазылған. Бұл өте ыңғайсыз. Егер мен сіздерге хатты сазбалшыққа жазсам, оны Дунданнан Сиданьға апару үшін қаншама адам керек болады. Цзягувэнь жазулары тасбақа сауыты мен жануарлар сүйектеріне, ал қола жазулар қола ыдыстардың ернеуіне нақыштап салынды. Бамбук сырғытпалары пайда болғаннан кейін жазуды бамбук қабықтарына жазып, домалатып орамды айналдыру, үлкен прогреске апарды. Бірақ оның да қолайлы жақтары болған жоқ, кейін сөздер жұқа жібекке жазылып, содан барып қағаз ойлап тапты. Қолайлы мүмкіндіктердің арта түсуіне байланысты, иероглиф жазу құралдары да үнемі жетілдірілді. Жұмсақ қаламдардан қатты қаламдарға, қылқаламдардан фонтан қаламдарға, қарындашқа дейін бірқыдыру барысты басынан өткізді. Бүгінгі компьютер дәуірі қытай иероглифтерінің жазу тиімділігін арттыра түсуде. Жазу тәсілдері мен жазу құралдарының эволюциясы қытай халқының даналық деңгейінің жоғары екенін көрсетті. Бұл – иероглиф өркендеуінің екінші себебі.

Үшіншіден, жазуды аз санды адамдар монополиялап алса, оның мәңгілік болуы қиынға соғады. Дегенмен иероглифтер халықтар арасында өте ерте танымал болды және Цан Цзені құрметтеу, жазуды қастерлеу аясында өсіп, дамыды. Қытай халқы Цан Цзені қастерлеп, каллиграфияға үлкен құрметпен қарайды. Кішкентай кезімде үйдің әр жерінде

«жазу қағазын аяла» деген жазбалар ілініп тұратын. Қағазға жазылған жазу болса болды, оны құрметтеп, албаты тастамайтынбыз. «Қағазды құрметтеудің» мәні неде? Бұл – қытай иероглифінің құрметі. Жазу ақсүйектердің монополиясына түссе, ол күрделеніп, бірте-бірте әлеуметтік құндылығын жоғалтады. Жалпы ақсүйектердің иероглифті толық монополияға айналдыруы қиын. Бүгінгі қолымызда бар жазбалар мен құжаттардың ішінде императорларға арналған ескерткіш жазулар, өткен әулет шежірешілері жазған естеліктер, қарапайым адамдар жазған жазбалар, құлпытас ойма жазулары бар. Мысалы, суды үнемдеу ескерткіші – қарапайым халық арасындағы су ресурстарын бөлу туралы келісімшарт. Ол ескерткішке келісімшарт ретінде қашалып жазылған. Мысалы, суды үнемдеу ескерткіші қарапайым халық арасындағы су ресурстарын бөлу туралы келісімшарт ескерткішке қашалып жазылған. Қытай тарихында халықтың көпшілігі иероглиф пайдаланды, сақтады, құрметтеді. Бұл – қытай иероглифтерінің гүлденуінің үшінші себебі.

Қытай иероглифтері – өте әдемі жазу. Ол сурет жазуынан дамып, екі өлшемді конфигурация үлгісін сақтайды, сондықтан оны өнер туындысына оңай айналдыруға болады. Қытай иероглифінің каллиграфия өнері – Қытай мәдениетінің қазынасы. Каллиграфтардың сиясының тамшысы болсын, халықтың талғампаз қағаз қию өнері болсын, олардың барлығы әлемде шексіз қызығушылық тудырды. Көптеген өлмейтін каллиграфиялық туындылар иероглиф тарихымен бірге

жаңа заманға көшті. Бұл – қытай иероглифтері таралуының төртінші себебі.

Меніңше, Қытай жазуының мыңдаған жылдар бойы үзіліссіз игеріліп, бізге қызмет етуінің жоғарыдағы төрт себебі – иероглифтің өміршендігі мен тарихының тереңде екенінің нәтижесі, сонымен қатар халық даналығының жауһары, мәдениетінің қазынасы әрі құнды байлығы. Иероглифтің сипаты мен ерекшелігі мыңдаған жылдар бойы дамып қалыптасты. Бұл сипаттамалар ақпараттық қоғамға енуімізге жол ашып қана қоймай, иероглифтердің компьютерге енуіне жақсы мүмкіндік берді. Сонымен қатар иероглифтердің идеографиялық сипаты бізге ұзақ сақталған тарихи жәдігерлерді өте ыңғайлы түрде жеткізеді. Сіз оны қаншалықты түсінсеңіз, соғұрлым оны бағалайсыз, жақсы көресіз және оны ынтамен үйренесіз, қорғайсыз. Біз кейде балаларымызға ден қойып мұқият жаз деп айтамыз, бірақ қанша айтсақ та, олар кейде түсінбейді. Осы кезде сіз оған мыңдаған жылдар бойы жалғасып келе жатқан иероглиф тарихын байыппен түсіндіруіңіз керек. Ұлттық мәдениетке деген мақтаныш сезімі оянғаннан кейін, білім беру саласында, бұқаралық ақпарат құралдарында, тіпті ойын-сауық қимылдарында да иероглифтерді құрметтеп, қадірлеп, оларды қорғауға тиіспіз. Бұл – сіздерге қытай иероглифтерінің сипаты мен ерекшелігі туралы әңгімелеп беруімнің басты себебі.

**ТІКЕЛЕЙ ЭФИРДЕ СҰРАҚ-ЖАУАП**

**Сұрақ:** Иероглифтерді жеңілдету туралы айттыңыз, мен мұны жазуды жеңілдету мен сабақтастық деп түсінемін. Менің ойымша, дәстүрлі қытай жазуының формасы дәстүрлі мәдениетімізбен тығыз байланысып, кейбір ақпаратты сақтап отыр. Егер солай екені рас болса, біз неге дәстүрлі жазуды сақтай алмадық?

**Жауап:** *Жеңілдетілген иероглифтер мен дәстүрлі қытай жазуы мәселесі туралы сұраққа қысқаша жауап берейін: Қытай елінде қанша жан бар? Жапондарға қарсы соғыс кезінде бізде 450 миллион адам болды. Жеңістен кейін 600 миллион адамға жетті. Қазір Қытай халқының саны 1,3 миллиардтан асты. Қытай иероглифтерін ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің мақсаты – барлығына иероглифті пайдалануға мүмкіндік беру. ХХ ғасырдың басында қытай иероглифтері өте ретсіз әрі күрделі болды. Егер адамдар білім алып, мәдениетті меңгерсін десек, мұндай күрделі таңбаларды қолданудың машақаты көп екені анық. Дәстүрлі жазудағы «# (жердегі шаң-тозаңды)» мысалға алсақ, сяочжуань жазуында үш «# бұғы», бір «# жер» бар. Сіз осы жазуды бір рет жазғанда-ақ қытай иероглифінің қиындығын сезінесіз. Сондықтан біз иероглифті жеңілдету қажеттілігі мәдени танымалдылық пен жалпы білім берудің негізгі талабы деп білдік. Жеңілдетілген иероглифтердің шығу тегі мен оңтайландыру әдістеріне келесі лекцияда арнайы тоқталамыз.*

Бұл жерде айта кететін бір жайт, мемлекет жазуды екі аспектіде реттеді: бір жағынан, көне кітаптарды жүйелеу деңгейінде, ал енді бір жағынан тарихимәдени мұрадағы жазуларды сақтап қалу. 2013 жылы Мемлекеттік кеңес жалпы саны 8105 иероглифтен тұратын «Қытай иероглифтерінің жалпы стандартталған жобасын» алға тартты. 2000-нан астам жеңілдетілген иероглифті қоспағанда, қалған тарихимәдени мұрадағы жазулардың дәстүрлі қытай жазуынан еш айырмашылығы жоқ. Қазір біз көне кітаптардағы жазуларды қолдану стандарттарын жасап жатырмыз. Ежелгі кітаптарда жеңілдетілген иероглифтер жоқ, барлығы тарихи-мәдени мұрадағы дәстүрлі жазулар. Екінші жағынан, әлеуметтік сөздерді қолдану тұрғысынан біз жеңілдетілген иероглифтерді енгіздік. Біздің екі жолды таңдауымыздың себебі: мәдени мұраларды ұрпаққа қалдырумен қатар халықтың әртүрлі қажеттіліктерін ескеру.

Көптеген мемлекеттер шағын болғандықтан салыстырмалы түрде халық саны аз, сондықтан ол елдерде тіл мен жазу стандарттарын жалпылау қиындық туғызбайды. Бірақ Қытайдағы жағдай күрделірек, егер жұртшылықтың иероглифті меңгеріп, сауатты болуын қаласаңыз, белгілі бір деңгейде иероглифті жеңілдетуіміз керек. Мойындамасақ болмас, иероглифтерді жеңілдету кезінде кейбір мәселелер туындағаны рас, бірақ біз жұмысты ыждағаттылықпен баяу түзетіп жатырмыз. Сондықтан «дәстүр-

*лі иероглиф» деп отырғанымыз қазіргі уақытта жеңілдетілген иероглифтерге сәйкес келетін 2000-нан астам дәстүрлі иероглифтерді айтамыз. Қытай иероглифтерінің қалған бөлігі дәстүрлі немесе жеңілдетілген деп бөлінбейді: мысалы, «##» дегендегі «#», әрі жеңілдетілген әрі дәстүрлі екеуіне де тән. 8105 иероглифтен тек 2000-нан астам иероглиф ғана жеңілдетілген.*

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Қазір интернетте жаңадан жасалған иероглифтер бар, мысалы, « # », немесе осыдан аз уақыт бұрын танымал болған «duang». Сіз қытай иероглифтерін стандарттауға баса назар аударып жүрсіз. Білгім келетіні, сіздің ойыңызша, мұндай сөздер қытай иероглифтерін стандартталуына әсер ете ме? Басқаша айтқанда, біз оны қытай иероглифтерінің өміршендігінің көрінісі ретінде қарастыра аламыз ба? Рақмет!

**Жауап:** Бұл – интернеттегі сөз қолдану мәселесі. Желіге келетін болсақ, бұл – екі жүзді қылыш тәрізді дүние. Егер интернеттегінің бәрі мінсіз деген таным болса, онда оның көптеген жанама әсерлері де болады. Бірақ біз ақпараттық кеңістік дәуіріне аяқ бастық, интернет әркімнің өмірінен ажырағысыз дүние болды. Сондықтан интернеттегі сөздерді диалектикалық тұрғыдан қолдану мәселесін де қарастыруымыз керек.

Тағы бір жағынан иероглифтердің дамуына тілдің барлық саласы әсер етеді. Қытай тілінің сөздік қоры үздіксіз байып келе жатқандықтан, иероглиф те соған сәйкес

жетілетін болады. Кемелденген құбылыс біртебірте өміршеңдікке ие болған соң, оны қоғам біртіндеп мойындай бастайды. Дәл сіз айтқандай, бұл иероглифтердің жетіле түсуіне ықпал етіп, сөз қолданудың жаңа өрісін қалыптастырады. Екінші жағынан, интернетте сөз қолдану мәдениетімізге әсер етіп, оны бүлдіруі мүмкін. Мысалы, «#» сөзі – бізде бастапқыда «#» сөзі болған, ол қысылу, қиналу, ыңғайсыздану, ұялу, сасқалақтау сияқты мағыналармен қоса, жоқшылық, қатты мұқтаждық, өте кедей деген мағыналарды да білдірген. Сонымен қатар «#», «#» екеуінің дыбысталулары да бірдей. «#»-ның «ұят» деген мағына беруінің себебі, оның формасы шынымен де қызық. Екі қасы, аузы бар, қатты ұялып тұрған кісі сияқты төртбұрышты тұлға. Интернетте немесе ойын-сауық отауларында « # » сөзін «ұят» деген мағына ретінде қолданудың еш айыбы жоқ, бірақ «#» орнына түпнұсқа «#» сөзін қолданбасақ, болашақта ресми жазбаларда бұл «#» сөзін қолданатын шығармыз. Мысалы, әссе жазғанда «#» сөзін үнемі қолдану ыңғайсыздық тудыруы мүмкін. Қытай иероглифтер жүйесінде « # » сөзі бар, егер оны қолданбайтын болсақ, сөздік қордағы бар сәйкестікті бұзады.

Сөз қолдану түрлі жағдайлар мен мақсаттарға байланысты. Ғаламтордағы желі қолданушыларымызға бір сәтте ақпаратты жеткізіп, аздап әзіл айтып, көңіл көтеруге үшін «##» сөзін «##»-ға бұрып айтасыз. Сол кезде барлығы өзін көңілді және еркін сезінеді, бұған таңғалу-

дың қажеті жоқ. Егер сіз шетелдік дипломатпен келіссөз жүргізіп жатып, оған «##» деп жазсаңыз, ол қарым-қатынасын тоқтата қоюы мүмкін. Көптеген адамдар интернетте әртүрлі сөздерді пайдаланады. Оларды қатаң стандарттармен шектеу және тыйым салу өте қиын. Бұл жалпы жағдайға кедергі келтірмейді, ондай сөздерді барлығына қолдануға мүмкіндік беріледі. Бірақ ресми құжаттармен жұмыс істегенде, тілі енді шығып келе жатқан балаларға үйретуге болмайды. Біз әлеуметтік нормалармен өркениетті бүлдіретін, тілдік жүйеге сәйкес келмейтін сөздерді қолдануға келісе алмаймыз.

Елдегі жазу стандарттары мен қоғамдағы сөз бостандығы арасында өзара байланыс бар. Интернетте қолданылатын әрбір сөз бен сызықты стандарттауды талап ету мүмкін емес және қажеті де жоқ. Керісінше, мәдени даму барысында әрбір адамға сөз қолдану дағдысына белгілі дәрежеде еркіндік берілу керек. Ресми орталарда, кітаби тілде белгілі нормалар сақталғаны жөн. Өйтпеген жағдайда ақпараттың сенімділігі мен жылдамдығына әсер етеді. Сенімділік дегеніміз не? Нақты ақпарат беру. Жылдамдық дегеніміз не? Жылдам ақпарат жеткізу. Компьютер әкелген қазіргі ақпарат ғасырында сенім мен жылдамдық ерекше маңызды.

Осы феноменге қарай біз адамның өзіне есім қоюына қатысты тағы бір мәселені айта кетейік. Кейбіреулер өзіне ешкім білмейтін, жер дүниеде жоқ бір атты тауып, біреу-

*міреу масқаралай ма деп алаңдап қойып алады. Егер сіз ауруханаға дәрігерге барсаңыз, олар өзіңізге қойып алған атыңызды түсінбесе, тіпті дыбыстай алмаса, бұл тек өзіңізге қиындық тудырады. Адам есімін өзі емес, өзгелер атайды. Адам есіміне қолданылатын сөздер де әлеуметтік сөздер болу керек. Өз өміріңізге оңтайлы болу үшін стандартталған сөздерді қолдануға шақырамыз. Өмірде анда-санда әзіл-қалжың айтып, ойын-сауыққа қатысып, салауатты өмірге уақыт бөлген дұрыс. Бірде-бір мұғалім біздің оқушылар «Марс жазуымен (интернетте қытай тілін әдейі бұрмалау)» эссе жазады деді. Мен оған: енді не істейсің? Ол: «Келіспеймін!» – деді. Мен: «Жай ғана келіспегенің жақсы болды», – дедім. Қысқасы, қытай иероглифтерін пайдалану әртүрлі жағдайларға сәйкес келуі, стандартталған болуы және белгілі бір дәрежеде ашық болуы керек.*

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Біз ересектер қытай иероглифтеріне қызығамыз, өз бетімізбен иероглифтер туралы білім алғымыз келеді. Бізге қандай кешенді сөздік ұсына аласыз? Жас санатымызға сәйкес келетін оқу материалдарын, сондай-ақ балаларға арналған иероглиф туралы әңгіме кітаптар немесе журналдар бар ма?

**Жауап :** Мен бұл сұрақты аздап өзгеріп, ұзартайын. Біз қазір Ұлттық кітапханада лекциялар өткізіп жатырмыз, сондықтан олардан осы тапсырманы орындауға көмектесуін, әртүрлі жас топтары мен түрлі мақсаттарға сәйкес келетін анықтамалық кітаптармен көбірек таны-

стыруын сұраймыз. Біз сондай-ақ олардан бізге сай келетін жақсы кітаптар тізімін беріп, көбірек жұмыс жасайды деп үміттенеміз. Иероглифтер туралы көбірек білу үшін танымал шығармаларды оқи беру керек дегенге өз басым келісемін. Бізде бір жағынан ұрпақ тәрбиелеу міндеті тұрса, екінші жағынан дәстүрлі мәдениеттің мәнін ұғыну арқылы мәдени сауатымызды арттыру тұр. Қазіргі уақытта біз иероглифтерді саралайтын жекелеген анимациялармен қоса теориялық түсіндірме сөздіктермен жұмыс жасап жатырмыз. Менің ойымша, екі-үш жыл ішінде бұдан да көп әрі кешенді ресурстар пайда болады. Иероглифтерді түсіндіруге арналған көптеген кітаптар бар, бірақ сапасы біз ойлағандай жоғары емес.

Кейде қытай иероглифтері жайында ғылыми деңгейі төмен жазбаларды оқып, басқаша түсінік алып, адасуыңызға жасап емес. Мен үнемі мысал ретінде айтатын «#» аш деген төртінші тондағы дыбысты біреулер әртүрлі тонмен дыбыстайды әрі иероглифтің кілттері де өзгеше. Егер мұғалім сабақ үстінде осылай айтса, оқушылар түсініксіз темел берер еді: «#» екінші тон – кілті жәндік, «#» әп-сәтте, лезде, әне-міне дегенше деген мағыналарды білдіретін екінші тон, кілті адамға байланысты, «#» дегеніміз – қаз, яғни құс, екінші тон – кілтті құс. Жалпы жоғарыдағы бірнеше иероглифтің мағыналары басқа-басқа да, дыбысталуы бір болғандықтан аналогия бойынша өте күлкілі. Осыған ұқсас мазмұн қытай иероглифтері туралы жекелеген

*кітаптарда, сондай-ақ кейбір газет-журналдарда кездеседі. Не күлеріңді, не жыларыңды білмейсің. Сондықтан иероглифтерді барлығына түсіндіргенде, дұрыс әрі тереңдете зерттеп, қоғамға тараған түрлі бұрмаланған сөздерді саралап, айыра білген жақсы.*

**Сұрақ:** Сәлеметсіз бе, Ван ұстаз! Менің сізге қояр сұрағым: дәл қазір сіз қытай иероглифтерінің дыбысталуы үнемі өзгеріп тұратынын айттыңыз. Мысалы, «##» бала деген сөздегі «#» иероглифі жапон тіліне бізден қабылданған болуы керек деп топшылаймын. Себебі тұшпараны олар#giyouza# деп жазып, (за) оқиды, бала немесе немере дегенді#shison# деп жазып, дыбыстағанда (ши) деп оқиды. Айтылудағы осы ерекшелік бұл сөздер хандықтар тарихында әртүрлі дыбысталып, жалғасып келе жатқан болуы мүмкін.

Мұндай сөздердің осылай әртүрлі дыбысталуы қалай тасымалданғанын қайдан білуге болады? Сондай-ақ « # # » дағы « # » сөзін айтқаныңызда, оның « # » дыбысымен ұқсастығы бар екені байқалды. Сол кездерде оның дыбысталуы қандай болды? «#» деп дыбыстаймыз ба, жоқ «#» деп дыбыстау керек пе, әлде үшінші дыбыс бар ма? Осындай құбылыстарды біз сияқты қарапайым адамдар қалай түсінеміз? Тағы бір мысал, «Тас барабан жазбалардағы» « # # # # # # # # # # (Арбам – жұмысым, атым – серігім)» өлеңіндегі, « # » ны біз сияқты қарапайым адамдар «#(che)» деп оқыр едік, ал шахматта « # (jū)» болып оқылады. Маған қызығы, мұндай сөз қай уақытта көне айтылуымен оқылады? Бұл мәліметті

оқығанда, ежелгі дыбысталуымен оқу керек пе? Сондай-ақ білгім келетіні, егер мен ежелгі музыка туралы кейбір деректерді іздесем, осы салада тиісті анықтамалықтар бар ма? Рақмет!

**Жауап** : Сіздің сұрағыңыз бірнеше бөліктен тұрады, ол туралы бір-бірлеп баяндайын.

Біріншіден, жапон тілінде дыбысталу, жаңа ғана мен айтып өткенімдей, қытай иероглифтері – өзінің этникалық ортасы мен тілі контекстінде өз ұлтының дербес жасалған жазуын нығайтқан жазу. Жапон тілін жазу үшін қолданылатын жазулар «қытай иероглифтеріне сілтеме жасау жолымен жасалған жазулар» немесе «басқа халықтар жазуына сілтеме жасау арқылы жасалған жазу» деп бөлінеді. Сілтеме жасаудың екі әдісі бар: бірі – сөздің айтылуын өз дыбыстарымен оқу, тек дыбысталуын ғана алып, мағынасына еш қатысы болмау; екінші – сөздің дыбысталуын да, мағынасын да алу. Қытай иероглифтеріне сілтеме жасау жолымен жасалған жазулардың екі түрлі дыбысталуы бар: У диалектісі негізінде және каньон немесе хань оқылымы. Бұл – қытай иероглифтерінің әр дәуір мен аймақтардағы айтылуы. Сондықтан жапон жазулары қытай иероглифтеріне түсініктеме беру үшін анықтама ретінде қолданылуы мүмкін; дегенмен жапондық қытай иероглифтері таралу және қолдану ережелері біздің түпнұсқа иероглифтерімізден мүлдем өзгеше. Қытай иероглифтерінің заңдылықтарын саралағанда, біз өз

тілімізге негізделуіміз керек.

Екінші, иероглифтердің дыбысталуы заман талабына сай дамып, өзгеріп отырады. Әр дәуірде әртүрлі фонетикалық жүйе бар, ал қытайдың тарихи фонетикасын зерттеу «фонологияның» міндеті. Ежелгі жазбаларда иероглифті қалай оқу, ортағасыр дәуірінде қалай дыбысталғаны туралы арнайы білім бар. Қазір осы білімдер бірте-бірте «дәстүрін жоғалтқан ілімге» айналып, оны түсінетін адамдар азайып кетті. Ежелгі уақытта дауысты жазып алу құралдары болмағандықтан иероглифтің айтылуын білмейміз.

Ежелгі дәуірдегі сөздерді екі әріппен дыбыстау, тікелей транскрипция, ұйқастар кітабы, фонетикалық санаттағы иероглифтер, рифма және кейбір көне эксетикалық материалдардан зерттей аламыз. «Ежелгі дыбыстар анықтамалығы», «Ежелгі және қазіргі заман дыбыстарын салыстыру анықтамалығы» сияқты зерттеу нәтижелері негізінде құрастырылған бірнеше кітаптарды пайдалана аласыз. Дегенмен көптеген көне дыбыстардың жасалуы жай ғана гипотеза, ол көне фонологиядағы байланысты көбірек баяндайды. Нақты фонетикалық құндылық осылай бола ма, оны растау қиын.

Диалектілердегі дыбысталу – әртүрлі көне дыбыстардың қабаттасуы, олар да белгілі бір дәрежеде ертедегі дыбысталуын көрсете алады. Сөйлеудің дамуы да біркелкі емес, әр дәуірдің сөйлеу тәсілі диалекттерде түрлі деңгей-

де сақталды. Мысалы, кантон диалекті көне дыбыстарға өте жақын диалект. Оның үні мандарин тілінде жоқ; жабық қосардауыстысы бар, яғни (т)-мен аяқталады, «#» сөзі (sat) болып оқылады. Бұл ортағасырлық және ежелгі айтылымдарда кездеседі. У диалекті аймағында, яғни Чжэцзян мен оңтүстік Цзянсуда үнді дыбыс сақталған. Менің туған жерімдегі диалектте «##»-ның « # »-сы үнді айтылады. Бұл диалектілерде белгілі бір дәрежеде көне айтылуы сақталған. Сондықтан көне айтылымның сыртқы формасын диалектілер арқылы көруге болады. Диалектілердің айтылуын тексеру үшін әртүрлі диалект сөздіктеріне жүгінуге болады. Бірақ біз фонология көп уақытты қажет ететін жоғары кәсіби пән екенін де білуіміз керек.

Үшінші сұрақ – қазіргі уақытта көне поэзияны қалай оқу керек?

Егер ежелгі айтылу толық оқылса, бұл өлең оқуды қиындатады, тіпті мағынасын түсіну қиынға соғады. Мысалы, жаңа айтылған «#»-ны қалай оқуымыз керек? Шахмат ойнаған кезде «##»-дағы «chē» деп айтылмайды. Егер сіз «chē» десеңіз, қасыңыздағылар сізге күледі, дойбы ойнағанда «#» «jū» деп айтуды ұмытпауыңыз керек.

Тағы бір мысал: «Солтүстік желі қазтабан шөпті ұшырып, тамызда бұрқасындап қар ұшты» дегендегі «#» мен «#» қазір ұйқаспайды. Ежелгі дыбыстың екеуі де үнді де, айтылған кезінде ұйқасады. Бірақ біз поэзия үшін барлығын ежелгі айтылуымен оқы деп зорлай алмаймыз. Жал-

пы Қытай поэзиясының ырғағын барша адам бағалай алатындай азғантай өзгерістер енгізудің еш айыбы жоқ деп ойлаймын. Бірақ мен ежелгі дыбысталуды жақтау орынсыз ба деген ойым бар. Оның үстіне, қазіргі ұйқастар заманауи формаға еліктегендіктен жаңаша түрі көп. Менің ойымша, бұл мәселемен айналысқанда, оны диалектикалық тұрғыдан қарастыру керек.

# Конец ознакомительного фрагмента.

Текст предоставлен ООО «Литрес».

Прочитайте эту книгу целиком, [купив полную легальную версию](#) на Литрес.

Безопасно оплатить книгу можно банковской картой Visa, MasterCard, Maestro, со счета мобильного телефона, с платежного терминала, в салоне МТС или Связной, через PayPal, WebMoney, Яндекс.Деньги, QIWI Кошелек, бонусными картами или другим удобным Вам способом.